

Махамбет Өтемісов атындағы
Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті

РЖЕҒЫ

№ 11 (948) 26 желтоқсан 2018 жыл



РУХАНИ
ЖАҒЫРУ

Құрметті әріптестер, ардагер ұстаздар, студенттер!

Қазақ елінің алтын діңгегіне айналған Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі күнімен сіздерді шын жүректен құттықтаймын!

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Тәуелсіздіктің негізгі мәні – тарихтың жаңа бетін өз еркіңмен, өз шешіміңмен бастауда болса керек. Тәуелсіздік бізге жаңа жолымызды, өзіміздің соны соқпағымызды табуға зор мүмкіндік ұсынды» деген болатын. Ширек ғасырлық уақытта еліміз үлкен жетістіктерге қол жеткізсе, біздің Махамбет университеті де биік белестерді бағындырды. Университетімізде жүзеге асырылып жатқан ауқымды жобалар мен қол жеткізген табыстарымыз да – Ел Тәуелсіздігінің жемісі.

Тәуелсіздік күнімен баршаңызды құттықтай отырып, отбасыларыңызға бақ пен береке, еңбектеріңізге толағай табыс тілеймін! Тәуелсіздігіміз тұғырлы, егемендігіміз еңселі, бейбітшілігіміз баянды болсын! Мереке құтты болсын!!!

Құрметпен университет ректоры Н.Х. СЕРҒАЛИЕВ



Құрметті оқытушылар, ардагер ұстаздар, студенттер!

Сіздерді Жаңа 2019 жылмен шын жүректен құттықтаймын!
Өткен жылды табысты қорытындылап, келер жылдың алға қойған мақсаттарын абыроймен атқарып, биік белестерді бағындырасыздар деген сенім білдіремін.
Ұстаздар қауымына тәуелсіз ел ертеңі үшін жасап жатқан еңбектеріңізге толағай табыс, отбасыларыңызға бақ пен ырыс, студент жастарымызға білім мен ғылымның биік шыңын бағындыруды тілеймін.
Жаңа жыл барша адамзатқа бақытты болашаққа үміт, жаңа мүмкіндіктерге сенім ұялатып, жемісті бастамаларға жарқын келешек сыйлайды. Осы жаңа жыл барлығымызға бейбітшілік, амандық пен молшылық әкелсін. Жаңа жыл Сіздерге бірлік пен береке, ертеңгі күніңізге сенім нығайтып, игілікті жаңа бастамалардың жылы болсын!

Ізгі ниетпен,
Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің ректоры Серғалиев Нұрлан Хабиболлаұлы

Құттықтаймыз!

Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің қауымдастырылған профессоры, Ақ Жайықтың мақтанышы Мусина Жансая Ғалымжанқызы «Астанам, сенсің айбарым» атты VII «Алтын домбыра» республикалық ақындар айтысында бас жүлде алып, «Алтын домбыра» иегері атанды және Қазақстан Республикасының «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісімен марапатталды.

Ақжайық атырабын қуанышқа бөлеген ақынымызды жеңісімен құттықтаймыз! Қазақ айтысының шыңына өрлей беріңіз! Өнер көгінде абыройыңыз асқақтап, жырыңыз шарықтай берсін! Құтты болсын!!!

Тәуелсіздік күні қарсаңында облыс әкімі Алтай Көлгінов Қазақстан Республикасы Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Жарлығымен мемлекеттік және қоғамдық қызметке сіңірген еңбегі, елдің әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуына, халықтар арасындағы достық пен ынтымақтастықты нығайтуға қосқан елеулі үлесі үшін бір топ батысқазақстандыққа мемлекеттік наградларды табыстады. Соның ішінде М.Өтемісов ат. БҚМУ доценті, тарих ғылымдарының кандидаты Жаңабек Жақсығалиев «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталды. «Ерен еңбегі үшін» медалі 1993 жылы



белгіленген. Медальмен азаматтар экономикадағы, әлеуметтік саладағы, ғылымдағы, мәдениеттегі және мемлекеттік қызметтегі жеткен табыстары үшін беріледі. Ж.Ж.Жақсығалиевті кезекті марапатымен құттықтай келе, алдағы алар асулары көп болғай деп тілейміз!



М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің жас ғалымдары география мамандығы бойынша философия докторы (PhD), ғылым және халықаралық байланыстар бөлімінің жетекшісі, география кафедрасының доценті Эдуарт Имашев пен қазақ тілі мен әдебиеті мандығы бойынша философия докторы (PhD), қазақ филологиясы кафедрасының аға оқытушысы Қамар Алдашеваны Білім және ғылым министрлігінің жас ғалымдарға арналған мемлекеттік ғылыми стипендия иегерлері атануымен шын жүректен құттықтаймыз. Жас ғалымдарға ғылым жолында жетістіктері көп болып, биік шыңдарды бағындыра беріңіздер деген тілек білдіреміз.



М.Өтемісов атындағы БҚМУ Педагогика және психология кафедрасының аға оқытушысы Кажимова Карылгаш Рахымовнаны философия докторы (PhD) дәрежесін алуымен шын жүректен құттықтаймыз! Болашақтағы ғылыми-педагогикалық қызметінде шығармашылық табыстар тілейміз!

15 Желтоқсан күні «Жыл үздігі-2018» облыстық жастар премиясының жеңімпаздары анықталды. Бұл шараға облыс әкімі Алтай Көлгінов қатысты. Жастар премиясының жеңімпаздары қатарынан университет түлектері, оқытушысы және студентіміз көрінді. «Үздік жас көшбасшы» - Ерлік Шамғалиев, «Жас Отан» жастар қанаты облыстық филиалы төрағасының орынбасары, мәдениет және өнер факультетінің түлегі, «Үздік студент» - Айша Кемешова, М.Өтемісов атындағы БҚМУ 4-курс студенті, «Үздік жас ғалым» - Дәурен Сағынғалиев, М.Өтемісов атындағы БҚМУ оқытушысы, «Үздік жас спортшы» - Нұрбол Серіков, самбодан әлем чемпионы, педагогика факультетінің түлегі. Үздіктерді құттықтай отырып, жетер жеңістеріңіз көп болсын деп тілейміз. Біз сіздермен мақтанамыз!



Будущее глазами студентов

7 декабря состоялась встреча студентов-активистов с ректором университета Сергалиевым Нурланом Хабибулловичем. Студенты смогли побеседовать с лидером университета в формате прямого диалога, где могли высказать своё мнение, а также предложить свои идеи.



В первой части данной встречи ректор университета ознакомил студентов с предстоящей стратегией учебного заведения, а также с изменениями в системе обучения. В ходе беседы были обсуждены такие проекты, как строительство общежития и студенческого кампуса. Нурлан Хабибуллович отметил, что 500 человек получают возможность проживания в общежитии, а также будут созданы специальные условия для студентов с ограниченными возможностями.

Во второй части студентам представилась возможность задать лидеру вопросы на интересующие их темы, среди которых были вопросы как о студенческой жизни ректора, так и о том, как они смогут способствовать повышению конкурентоспособности и рейтинга ЗКГУ.

Студентам было интересно узнать о семье, мечтах, целях Нурлана Хабибулловича. Ректор отметил, что каждый из студентов может сам сделать успешную

карьеру, и в стенах университета созданы все условия для развития и самореализации, а также объявил о том, что подобные мероприятия будут проводиться и впредь. Ректор не забыл упомянуть и о том, что будут отменены дипломные работы, и что он собирается подписать Хартию об академической честности.

В конце встречи Нурлан Хабибуллович сделал активистам подарок – вручил Sim-карту с интернет-трафиком до 100 Gb, а студенты, в свою очередь, подарили многоуважаемому Нурлану Хабибулловичу статуэтку Байтерека, как символа нового этапа в жизни.

Ну и, конечно же, без памятного фото с ректором не остался ни один студент.

Мы все искренне благодарим Нурлана Хабибулловича за познавательную и интересную встречу.

*Тамирис АЙШЕНОВА,
РЯЛ-12*

100 жаңа оқулық – жаңғыру жетістігі

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің ғылыми кітапханасы мен «Рухани жаңғыру» институтының ұйымдастыруымен оқытушылар құрамы, қызметкерлер және студенттермен бірге «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» бағдарламасы аясында Стивен Р.Кови «Жасампаз жандардың 7 дағдысы», Ювал Ноах Харари «Sapiens»: «Адамзаттың қысқаша тарихы» атты кітаптың таныстырылымы өткізілді.

Қазақстан Халық Ассамблеясының кафедра меңгерушісі Тұрар Төлегенұлы Шайхиев сөз кезегін бастады. Ғылыми кітапхананың директоры Тоты Еркінқызы кітап қорының саны 19 кітапқа артқанын мәлімдеді. Тарих ғылымдарының кандидаты, доцент Журсова Алтынай Шугаевна Ювал Ноах Харари «Sapiens»: «Адамзаттың қысқаша тарихы» атты кітабымен таныстырды. Презентациясы көрсетіліп, кітаптың 4 бөлімін әңгімеледі. Когнитивті, аграрлық, ғылыми революция мен адамзатты біріктіруге қатысты ой толғаныс жасады.

Тарих ғылымдарының магистрі, оқытушы Майманова Нұршат Нұрханқызы және экономика ғылымдарның

магистрі, аға оқытушы Егізғалиева Асель Болатханқызы кітап туралы өз пікірін айтты.

«Жасампаз жандардың 7 дағдысы» (Тұлға дамытудың тегеурінді тетіктері) кітабы туралы педагогика және психология кафедрасының оқытушысы Арыстанғалиева Венера Талғатқызы толықтай мағлұмат берді. Шығарманың құндылығы сол, Әлемнің 40 тілінде 30 млн. данамен таралған. Студенттер арасынан суырылып шығып, кітаптар жөніндегі өз пікірін филология факультетінің 3-курс студенті Каленова Назерке Рахметқалиқызы өз пікірін айтты.

*Т.Е.АЛИМБЕКЕРОВА,
Ғылыми кітапхана директоры*



ЖАҢАЛЫҚТАР

НОВОСТИ

■ 2018 жылдың 28 қараша күні М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің физика - математика факультетінің Информатика кафедрасында 5B011100 «Информатика», 5B070300 «Ақпараттық жүйелер мамандықтарының 1 курс (И-11, И/У-13, ИС-11) және 4 курс (ИС-41, ИС-42) топ студенттеріне топ кураторлары Г.А.Сагинова және Ж.М.Тлегенованың ұйымдастыруымен «Виртуалды тәуелділік» атты дөңгелек үстел өткізілді. Шараға кафедра оқытушылары қатысты. Шараның барысында студенттер өздерінің білімдері мен шығармашылық қабілеттерін көрсетті. Шараның мақсаты - студент жастарға виртуалды тәуелділіктің физикалық, психологиялық зиянын түсіндіру.

■ Дзюдо күресінен 1999-2001 ж.т. жастар мен қыздар арасында Батыс Қазақстан облысының чемпионаты болып өткен болатын. Бұл турнирде факультетіміздің ПиМНО-22 тобының студенті Қайырғали Мақпал 48 кг салмақ дәрежесінде жүлделі 1 орын алды. Жеңімпазымызды шын жүректен факультетіміздің атынан ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ! Шығар биік шыңдарың, алар асуларың көп болсын!

■ 1-желтоқсан күні Жаратылыстану-география факультетінде студенттерге еліміздің қысқаша тарихы туралы мәлімет беріп, тарихымызға деген ұлттық құндылықтарды қалыптастыру мақсатында «Тұғыры биік - Тәуелсіздік» атты дөңгелек үстел өткізілді. Жиын барысында Б-11 тобының студенті Керим Диляра «Тәуелсіздік ұстанымдарын» студенттер бойына сіңіру, қастерлеу және оны рухани жаңғырудың негізінде қастерлеу туралы өз баяндамасын баяндап, студенттер өзара пікір алмасып, ойларымен бөлісті.

■ Желтоқсанның 7-ші жұлдызында университетіміздің ректоры Н.Х.Серғалиев мырза қоғамдық жұмыстарға белсенді араласып жүрген студенттермен кездесу өткізді. Кездесу ашық микрофон форматында жалғасып, студенттер университет басшысына көкейлерінде жүрген сауалдарын қойып, тұшымды жауаптарын алған болатын. Басшымен емін-еркін әңгімелескен жастар бұл басқосудан өздеріне рухани жігер алды. Кездесу соңында студенттер ректорға ризашылықтарын жеткізіп, естелік суретке түсті.

■ Университетіміздің студенттеріне желтоқсан айының 7-жұлдызында «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес» тақырыбында бірыңғай кураторлық сағаттар өткізілді. Студенттерге емтихан барысында сақталатын тәртіп пен академиялық адалдық туралы түсіндіріліп, шағын дәріс жүргізілді. Студенттер өз пікірлерімен, ойларымен бөлісті.

■ 9 желтоқсан «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы халықаралық күрес» күніне орай университетімізде физика-математика факультетінің математика кафедрасы сыбайлас жемқорлықты алдын алу мақсатында, «Жастар жемқорлыққа қарсы» атты бірыңғай кураторлық сағаттары өтті. Сағат барысында студенттер өз ойларымен бөлісіп, жемқорлықты жою барысындағы пікірлерін ортаға салды, видеороликтер қарап, өз ойларын түйді.

■ 10 желтоқсан жас командалар арасында Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай Педагогика факультеті деканының кубогы ұйымдастырылды. Бұл сайысқа 4 команда қатысқан болатын, атап кететін болсақ «ТЭК», «Брэнд», «Чикаго», «Біздің нұсқа» командалары өте тартысты ойын көрсетті. Сайыс қорытындысы бойынша: 1-Орын «Біздің нұсқа», 2-орын «Чикаго», 3-орын «Брэнд» және «ТЭК» құрамасы жақсы ойын өрнегін көрсетіп, алғыс хатпен марапатталды. Сайыстың «Үздік ойыншы» номинациясын «Брэнд» команда капитаны Оразов Теміржан иеленді. Командалардың астарлы әзіл, заманға лайықты талғаммен көрсетілген ойыны көрерменнің көңілінен шығып, ыстық ықыласқа бөленді.

■ Желтоқсан айының 11 жұлдызында М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті, тарих, экономика және құқық факультеті, экономика және менеджмент кафедрасының аға оқытушысы Ф.К. Мухамбеткалиеваның жетекшілігімен менеджмент, маркетинг, экономика, мемлекеттік және жергілікті басқару, туризм мамандықтары 2-курс студенттерінің қатысуымен Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні қарсаңында «Ұрпаққа жеткен аманат!» атты мерекелік бағдарлама өтті. Мерекелік бағдарламаның мақсаты: жас ұрпақты отаншылдыққа, адамгершілікке, елжандыққа тәрбиелеу. «Тәуелсіздік» бұл – ұрпақтарымыз ұлы елдің ұланы, азат елдің ақиығы атануына жол ашылған қастерлі күн. Сонымен қатар, тілімізді жаңғыртып, дінімізді қайтарған, тағдырымызды таңдаған ұлы күн болып табылады. Мерекелік бағдарламаға тарих, экономика және құқық факультеті деканының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары М.Ю.Жумағалиева және экономика және менеджмент кафедрасының оқытушылары мен студенттер қатысты.

Форум, посвященный ПРОТИВОДЕЙСТВИЮ АНТИКОРРУПЦИИ

В связи с тем, что 9 декабря отмечается Международный день борьбы с коррупцией, 6 декабря 2018 года в актовом зале Западно-Казахстанского государственного университета имени Махамбета Утемисова прошел форум с участием ректора Сергалиева Нурлана Хабибулловича, а также руководителя департамента агентства РК по делам государственной службы и противодействию коррупции в ЗКО Исакова Болате Альмухановича.

На форуме подводились итоги марафона «Адал жол – Честный путь», конкурса эссе среди студентов университетов и колледжей на тему «Роль молодежных организаций в формировании культуры против антикоррупционных действий», интеллектуальной игры «Балалар – біздің ертеңіміз», лучшего видеоролика на тему антикоррупции. Призеров наградили грамотами и подарками.

Департамент агентства РК по делам государственной службы и противодействию коррупции наградили

благодарственными письмами за вклад, внесенный в противодействие антикоррупции, медиахолдинг «Жайық Пресс», новостной портал ЗКО «Мой город», телеканалы Акжайык и ТДК-42.

На форуме было также сказано о проекте «Акжайық – площадь честности», о фонде «Саналы ұрпақ» в ЗКАТУ им. Жангир хана, о магазине «Infinity shop». Форум прошел интересно и познавательно.

Дария ДЖУМАГАЛИЕВА,
РЯЛ-12



Форум барысында білім, ғылым, шығармашылық және бизнес саласында жетістікке жеткен тұлғалар өздерінің еңбек жолындағы әртүрлі қиындықтарымен бөлісіп, жетістікке жету бағытындағы тәжірибелерімен бөлісті. Өңір басшысы Алтай Сейдірұлы жастарға оң бағасын беріп, еліміздің жастар саясатын жүзеге асыруда елеулі үлес қосқан бірқатар жастар ұйымдарына Алғыс

хат табыс етті. Олардың қатарында «БҚМУ «Ақиқат» пікір-талас орталығы» жастар қоғамдық бірлестігі облыс жастары арасында шешендік өнердің дамуына қосқан үлесі үшін арнайы Алғыс хатпен марапатталды. Аталмыш бірлестік төрағасы Сүлейменов Мерген Қуанышұлын және де бірлестіктің белсенді жастарын шын жүректен құттықтаймыз!

ОБЛЫСТЫҚ ЖАСТАР ФОРУМЫ

12 желтоқсан күні Х.Бөкеева атындағы Облыстық қазақ драма театрында «Жастар қуаты: Көшбасшылық. Жаңа бастамалар. Даму» тақырыбында облыстық жастар форумы өтті.

ЖОО кеңістігінде инклюзивті білім беруді ұйымдастыру

Елбасының дәстүрлі әр жылғы Жолдауында маңызды мәселелердің бірі даму мүмкіндігі шектеулі балалардың өмірін лайықты қамтамасыз ету, оларға сапалы білім беруді қалыптастыру екені айқын көрсетілді. Осы орайда 5-6 желтоқсанда М.Өтемисов атындағы БҚМУ-да «ЖОО кеңістігінде инклюзивті білім беруді ұйымдастыру» атты халықаралық семинар-тренинг өтті.

Семинардың басты мақсаты – инклюзивті білім беру жағдайында ерекше білім беруді қажет ететін тұлғаларды психологиялық-педагогикалық қолдауды ұйымдастырудың жолдарын анықтау, Қазақстан Республикасы мен Польша мемлекеті арасындағы тәжірибемен алмасу, Европадағы (Польшадағы) инклюзивті білім беру ерекшеліктерімен таныстыру. Аталмыш шараға Ұлы Казимир университетінің дефектологы, әлеуметтік ғылымдарының докторы, профессор, гуманитарлық ғылымдар PhD докторы, Дорота Подгорска Ячник қатысып, баяндама жасады. Жоғарғы деңгейде ұйымдастырылған семинар-тренинг соңында

ЖОО-да ИББ-ң жүйелілігі мен үздіксіздігін қамтамасыз ету, ИББ жүйесінде инновациялық технологияларды қолдану, арнайы білім беруді қажет ететін студенттерге әлеуметтік-психологиялық қолдау көрсету сынды ұсыныстар айтылды.

Біздің елімізде инклюзивті білім беру жүйесінің дамуы туралы ресми дерек «Қазақстан Республикасының Білім беруді дамытудың 2010-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында» көрсетілді. Содан бері бағдарлама төңірегінде инклюзивті білім беруді жетілдіру мәселелері жан-жақты қарастырылуда.

Түлектерге «Жас өркен» бағдарламасы түсіндірілді

М.Өтемисов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің акт залында бітіруші курс студенттерінің «Самұрұқ-Қазына» АҚ Корпоративтік университеті өкілімен кездесуі ұйымдастырылды.



Кездесудің басты мақсаты – университет бітіруші түлектерге «Самұрұқ-Қазына» АҚ бастамасымен 2017 жылдан бастап жүзеге асырылып келе жатқан «Жас өркен» бағдарламасын түсіндіру, насихаттау болып табылады. Аталған шараға «Самұрұқ-Қазына» АҚ-ң корпоративті оқытуды дамыту орталығының маманы Кинисова Дарина арнайы қатысты. Кездесуге сондай-ақ университет түлектерімен қатар Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің түлектері де қатысты. Кездесуді жастар ісі жөніндегі комитет жетекшісі Ж.Е.Ешимова ашты. Сөз алған «Самұрұқ-Қазына» АҚ-ң корпоративті оқытуды дамыту орталығының маманы Кинисова Дарина түлектерге «Жас өркен» бағдарламасы туралы толық ақпарат беріп өтті. Кездесу барысында түлектер өз сұрақтарын қойып, жауаптар алды. Кездесу соңында түлектерге арнайы дайындалған ақпараттық буклеттер таратылды.

2018 жылдың 7 қараша күні Назарбаев Университетінің өкілдері М.Өтемисов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің студенттерімен, магистранттарымен, жас оқытушыларымен кездесті.

НАЗАРБАЕВ УНИВЕРСИТЕТІ ӨКІЛДЕРІМЕН КЕЗДЕСУ

Кездесуге Назарбаев Университеті, қабылдау департаментінің бас менеджері А.А.Жазыкпаева, қабылдау департаментінің маманы А.Е.Сабырбекова және Тау-кен ісі және жер туралы ғылымдар мектебінің зертхана ассистенті М.Қоянбаев қатысты. Кездесу барысында Назарбаев Университетінің өкілдері аталған оқу орны, ондағы дайындық топтары (Foundation), бакалавриат, магистратура, докторантура мамандықтары, оларға түсу жолдары мен талаптары, қажетті құжаттар тізімдемесі туралы жан-жақты әрі толық мағлұмат беріп өтті. Назарбаев Университеті туралы арнайы түсірілген бейнеролик көрсетілді. Студенттер мен магистранттар, жас оқытушылар қонақтарға өздерін толғандырған сұрақтарын қойып, оларға толық әрі нақты жауап алды. Кездесу диалог, өзара пікірталас түрінде өтті.

Күннен туған баламын, жарқыраймын жанамын

«Қазақстан Республикасы білім беру саласының үздігі» атанған ең жас педагог, «Тоғыз толғаныс» атты кітаптың авторы, тарих, экономика және құқық факультетінің оқытушысы Дәурен Сағынғалиев 10-желтоқсан күні университетіміздің студенттерімен кездесті. Кездесу ашық форматта өтті.

Теректі ауданының тумасы, бала кезінен білімге құштар, жаңаға ұмтылатын зерек жас облыстық дарынды балаларға арналған мектеп-интернатты «Алтын Белгімен» тәмамдап, Алматы қаласындағы Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетіне заңгер мамандығына грант алып, оқуға түседі. Осы салада білім ала жүріп, ұстаздық жолды асаған студент, 19 жасында мектеп мұғаліміне айналады. Ол сабақ берген Қазақстан тарихы пәнінен шәкірттері жоғарыдан көрініп, ұстаздың мерейі арта түседі. Ел тарихына деген құрмет, білім саласына бағытталған мақсат пен оқушыларға арнаған риясыз көңілі өзі оқытатын пәннен тесттер жинағын құрастыруға себеп болды.

Жас педагог бола жүріп, «Тоғыз толғаныс» кітабын қалың оқырманға ұсынған. Бүгінге дейін белді қызметтерді атқарған зиялы азамат, осы оқу жылында қара шаңырақ М.Өтемисов атындағы БҚМУ-ге ұстаздық етуге келді. Кездесуде студенттер көкейде жүрген сұрақтарын қойып, қонымды жауап алды. М.Мақатаевтың 380 өлеңін жатқа білетіндігінен-ақ әдебиетке, кітапқа деген сүйіспеншілігі анық байқалады. Сөзі сүбелі, ойы өткір ұстаздың әрбір әңгімесі ұлтжандылығын көрсетті. Новатор ұстазға алғыс та, қошемет те, мақтау да айтылды. Бәрі орынды, әрі жарасымды. Тума талант, жас ғалымға кемел болашақ тілейміз. Бұл кездесудің соңы емесі анық...



Работа эксперта международной программы SES на кафедре информатики

В течение двух недель доктором Штефаном Рёдером прочитаны лекции по «Базовым понятиям и примерам биостатистики», «Концепциям Data Mining» для студентов специальностей Информатика, Вычислительная техника и программное обеспечение, Информационные системы, магистрантов специальности Физика и биология. Особенный интерес студентов и магистрантов вызвали лекции профессора по теме «Возобновляемые энергии – текущее развитие в Германии», на которых Штефан Рёдер рассказал об опыте Германии, треть электроэнергии которой в 2017 году производилась из ветра, биомассы, солнца и на гидроэлектростанциях. Доктор Рёдер провел мастер-классы по написанию и публикации научных статей для преподавателей, магистрантов и студентов физико-математического и естественно-географического факультетов. Штефаном Редером были посещены занятия ППС кафедры информатики: ст.преподавателей - Мухамбетовой Г.Г., Хамзиной А.А., Имангалиева М.М., Амантурлиной Г.К., преподавателя, магистра Мукаева К.Т.; были даны рекомендации по методике преподавания дисциплин: «Компьютерные сети», «Современное программное обеспечение», «Базы данных и информационные системы», «Теоретические основы информатики», кроме того, профессором были проведены консультации для студентов по разработке дипломных проектов. В запланированные часы для открытых дискуссий преподаватели, магистранты и студенты могли пообщаться с доктором Штефаном Редером, получить информацию об особенностях системы образования в Германии, обсудить проблемы

С 17 по 31 октября 2018 г. на кафедре информатики физико-математического факультета ЗКГУ им. М.Утемисова работал старший эксперт программы SES, доктор Штефан Рёдер (г.Бонн, Германия). Доктор Штефан Рёдер является специалистом в области биостатистики, экономической информатики и IT-технологий, прекрасно разбирается в разработке и составлении алгоритмов, форматов данных, а также в сфере анализа крупных архивов данных (Data Mining) с помощью технологий структурного анализа. Целью приглашения доктора Штефана Рёдера было оказание помощи в повышении квалификации преподавателей кафедры информатики.



студенческой жизни и другие вопросы, а также попрактиковаться в общении на английском и немецком языках. Студенты физико-математического факультета во главе со студенческим деканом Куспановой

Айзат активно общались с профессором и в свободное от занятий время показали Штефану Редеру достопримечательности нашего города.

Кафедрой информатики был проведен

круглый стол «Актуальные проблемы подготовки специалистов в области информатики и IT-систем» с участием доктора Штефана Рёдера, в котором приняли участие проректор по науке и международным связям Ахмеденов К.М., преподаватели, магистранты и студенты физико-математического и естественно-географического факультетов. В ходе круглого стола обсуждался широкий круг вопросов, среди которых: проблемы междисциплинарного сотрудничества, возможности применения информатики в биологии, медицине, проблемы организации совместных исследований и дальнейшего международного сотрудничества. Безусловно, рекомендации и предложения старшего эксперта, доктора Штефана Рёдера, будут способствовать профессиональному и научному росту ППС кафедры, повышению качества преподавания и совершенствованию учебного процесса.

Кафедра информатики благодарит ректорат университета, отдел науки и международных связей за приглашение доктора Штефана Рёдера, за предоставленную возможность обмена опытом с зарубежным экспертом.

17 ноября 2018 года в Алматы в рамках Международного культурного фестиваля «Цветы России» состоялся круглый стол для специалистов на тему «Современный подход в обучении русскому языку как иностранному в России и за её пределами». Речь шла о том, каковы традиции в обучении русскому языку как иностранному в крупнейших вузах Российской Федерации, с какими трудностями приходится сталкиваться преподавателям РКИ в работе с различными группами инофонов, каков подход к подготовке самих специалистов в области РКИ.

В работе круглого стала приняла участие зав.кафедрой русской филологии, кандидат педагогических наук, доцент Карлыга Таскалиевна Утегенова. Она рассказала о современном подходе к системе подготовки преподавателей русского языка в крупнейших вузах

форм, методов и средств в современном языковом образовании.

В работе круглого стола также приняла участие Марина Владимировна Пименова, доктор филологических наук, профессор, ректор Санкт-Петербургского института иностранных языков (г. Санкт-Петербург,

РФ), Кристина Валерьевна Пермьякова, кандидат филологических наук, доцент кафедры иностранных языков, лингвистики и перевода Западно-Уральского института экономики и права, доцент



Круглый стол для специалистов «Современный подход в обучении русскому языку как иностранному в России и за её пределами»

Казахстана.

Участников круглого стола приветствовали Виктор Михайлович Минков, директор СПб ГБУК «Приют комедианта», художественный руководитель «NEVA-ART», художественный руководитель международных культурных проектов от Министерства культуры РФ.

Модератор круглого стола Ольга Васильевна Байкова, преподаватель высшей категории, руководитель образовательных и развивающих программ «NEVA-ART» (г. Санкт-Петербург), ознакомила с разнообразием



Прикамского социального института, доцент Пермского национального исследовательского политехнического университета (г. Пермь, РФ), Светлана Николаевна Белошенко, руководитель городского учебно-методического объединения педагогов дополнительного образования детей государственных образовательных учреждений по направлению «художественное слово», доцент кафедры сольного пения Института музыки, театра и хореографии Российского государственного педагогического университета им. А.И.Герцена (г. Санкт-Петербург, РФ).

The Italian guest

The middle of November was the time of arrival Laura McLoughlin Incalcaterra. She is Italian who works at National university of Ireland (Galway) as a senior lecturer of Italian language, translation theory and linguistics. Generally, her visit is a collaboration project with our university. So, exchange of experiences, teaching Italian to our professors and students, attending classes are her activities here.

First of all, let me interpret her impressions about Uralsk city. Laura Incalcaterra: - "It's my first visit to Kazakhstan. And about city, I like Uralsk. I am thinking about returning to Uralsk, probably in spring, because I imagine that Uralsk is very beautiful in warm seasons. It's an attractive town, in spite of that I haven't been able to visit many places. I am planning to visit most of them on the next holidays and weekends, but I was at the Pugachev museum. As I understood he was a revolutionist who was captured by Russians. Moreover, it's a house where he lived briefly. Inside of it I saw the things from the past. It was fascinating".

In addition, here is a brief interview with Laura Incalcaterra.

- And could you tell a little about Italy?

- Oh, Italy is smaller than Kazakhstan. Also there are lots of architectures. Most of all, I love Rome. Generally, it's a country of light, in comparison to Ireland which is darker. And in Italy we see sea, sun and sky.


From Mrs. McLoughlin's words we see that she adores her Motherland, also often goes there and loves weather, nature of it.

One of her favorite Italian writers is Italo Calvino. According to her words Calvino's works are deep, but at the same time funny. As leisure Mrs. Laura McLoughlin prefers theater.

- Have you noticed any distinctions between students in Kazakhstan and in Ireland? Also could you tell me about education system of Ireland National university?

- About education system, baccalaureate lasts 4 and magistracy lasts 2 years, as yours. Initially, students choose three subjects such as languages, history, geography, sociology, philosophy etc. In the first year they study three of the subjects which I mentioned above, then as a sophomore they choose only two optional subjects and continue learning on these two directions. They may study in another country in the third year. And about students I found your learners very interesting, lively and nice. I really enjoyed talking to all of them. Their English is also excellent. Finally I believe they are more motivated than our students.

Mrs. Laura advises students to read books and newspapers, to watch films with subtitles for improving their English. She also points out the groups of Skype, where anyone can talk to native speaker. - I wish everyone all the success in academic career and in your lives - she said.



Гостя из Италии

Середина ноября значится у нас приходом Лауры Маклафлин Инкалькатерра. По национальности она итальянка, работает в Национальном университете Ирландии (Голуэй) старшим преподавателем итальянского языка, теории перевода и лингвистики. В целом, ее визит - это проект сотрудничества с нашим университетом. И поэтому ее здешняя деятельность - это обмен опытом, преподавание итальянского языка нашим профессорам и студентам, посещение занятий.

Прежде всего, конечно, о ее первом впечатлении: - Это мой первый визит в Казахстан. И о вашем городе - мне он очень понравился. Я даже подумываю о возвращении, может быть, весной, ибо представляю Уральск очень красивым в теплое время года. Несмотря на то, что я не смогла посетить много мест, город действительно притягивает внимание. Я планирую посетить большинство из них в ближайшие праздники и выходные. Но я уже побывала в Пугачевском музее, например. Дом, в котором он жил недолго, здесь можно увидеть много предметов из прошлого. Экскурсия в музей была очень увлекательной.

- Расскажите немного об Италии.

- О, Италия, конечно, меньше Казахстана. Также, она богата своей архитектурой. Больше всего я люблю Рим. Ну, это страна света, по сравнению с Ирландией, которая «темнее». А в Италии можно бесконечно лицезреть лишь море, солнце и небо.

Со слов госпожи Маклафлин видно, как она дорожит своей Родиной, часто ездит туда, любит ее прекрасную природу.

Один из ее любимых итальянских писателей - Итало Кальвино. По ее словам, работы Кальвино имеют глубокий смысл, но в то же время они полны юмора. В качестве досуга Миссис Лора Маклафлин предпочитает театр.

- Отличаются ли наши студенты от студенттов

вашего университета? И несколько слов о системе образования вашего вуза.

- О системе образования: на бакалавриате у нас обучение длится 4, а магистратура 2 года, как и у вас. В самом начале студенты выбирают 3 предмета, такие как языки, история, география, социология, философия и т. д. В первый год они изучают все три, затем, на втором курсе, они выбирают только 2 самых главных для себя предмета и продолжают обучение по этим двум направлениям. На третьем курсе они могут продолжить обучение в другой стране. А по поводу студентов - я нахожу их у вас очень интересными, оживленными и приятными людьми. Очень понравилось беседовать с ними. И английский у них прекрасный. Мне они кажутся более мотивированными и вдохновленными, чем наши студенты.

Г-жа Лаура советует студентам читать книги и газеты, смотреть фильмы с субтитрами для улучшения их английского языка. Она также упомянула группы в Skype, где любой желающий может поговорить с носителем языка.

- Успехов вам всем в академической карьере и в вашей жизни! - пожелала она в конце.

Saya DUISENBAY

В конце года принято подводить итоги, и определенную оценку своей работы. В связи с чем мне бы хотелось поделиться успехами кафедры ЗКУ «Музыкальное образование и вокал», на которой уже четвертый год я работаю. Здесь сложился комфортный морально-психологический климат, всегда рабочее настроение, вследствие чего коллектив кафедры добивается результатов в учебной, научной и творческой работе.

Успешная кафедра

Студенты специальности «Музыкальное образование» магистратуры в 2018 году заняла 3 место в республиканском рейтинге, благодаря чему на 2018-2019 учебный год Министерство образования и науки выделило 4 гранта для магистрантов.

На кафедре работают преподаватели, которые являются аспирантами российских вузов. В текущем учебном году планируется защита кандидатских диссертаций доцента Кисметова К.Л. и старшего преподавателя Варфоломеевой О.В.

ППС кафедры имеет награды международного, ведомственного, республиканского и областного значения за участие в конкурсах и фестивалях Казахстана и

зарубежья, а также за успехи в своей профессиональной деятельности.

В немалой степени это связано с плодотворной профессиональной деятельностью заведующей кафедрой, к.п.н. доцента Бабенко О.А., которая активно занимается научно-исследовательской работой, ею опубликованы монография, учебно-методические пособия, научные публикации в журналах, рекомендованных ККСОН РК, в т.ч. странах СНГ.

Бабенко О.А. умеет создать благоприятные условия для учебы и написания магистерских диссертаций. Приведу пример: в 2017 году при защите магистерских диссертаций председателем государственной экзаменационной

комиссии Мукеевой Н.Е. и оппонентом Бекниязовым Б.Б. были отмечены высокая подготовка магистрантов и большое количество их публикаций. Магистрантка Ж.И. Нурымбетова за два года обучения опубликовала учебно-методическое пособие, а также 12 научных статей, 4 из которых опубликованы в Чехии, Великобритании, Болгарии и Польше. Магистрантка Кенжегалиева А.Ж. также выпустила учебное пособие, 10 научных статей, 2 из которых - в странах ближнего зарубежья.

Достижения кафедры связаны и с тем, что декан факультета, профессор А.С. Кыдыршаев оказывает всестороннюю помощь и поддержку нашим преподавателям, студентам и магистрантам.

Особую поддержку и помощь преподавателям кафедры оказывают лаборанты кафедры Ванюшина Н.Л. и Мажитова А.А., добросовестно и творчески выполняющие свои обязанности. Мы надеемся, что вместе с руководителем кафедры в будущем году мы добьемся новых успехов в научно-образовательной и творческо-педагогической работе.

Б.А. МУЛДАГАЛИЕВ,
кандидат педагогических наук, доцент

29 ноября в ЗКГУ им.М.Утемисова состоялся круглый стол «Президент – гарант социально-экономической и политической стабильности Республики Казахстан», посвященный Дню Первого Президента Республики Казахстан. От имени ректора Нурлана Сергалиева коллектив университета поздравил проректор по науке Ахмеденов Кажмурат Максұтович: «Сегодня этот праздник - День Первого Президента - стал поистине национальным и символизирует народное признание выдающихся заслуг нашего Елбасы – основателя независимого государства, обеспечившего общенациональное согласие и единство нашего общества.

Елбасы – основатель независимого государства!

Наш университет – один из старейших вузов Казахстана, ведущий научно-образовательный центр Западно-Казахстанской области, всецело поддерживает реформы, иницируемые Главой государства, потому что они близки и понятны каждому из нас.

На круглом столе присутствовали профессорско-преподавательский состав и студенты, приглашенные гости. Своим мнением поделились Хайруллин Биржан, руководитель Департамента Агентства РК по делам государственной службы и противодействию коррупции

по ЗКО; Танзенов Даниял, научный сотрудник института «Рухани жангыру» ЗКГУ, а также Ташкенов Нурлан, главный специалист управления предпринимательства и индустриально-инновационного развития ЗКО. Новый научный ракурс по обсуждаемой теме предложили магистры университета Жалекенова Гулбарам, Сағынғалиев Дәурен. По завершении встречи ветеран университета, кандидат юридических наук Умбеталиев Сансызбай Сундетович поблагодарил участников за интересное и плодотворное общение.

Тарихты тұлғалар жасайды

Атамекеннің қамы үшін, ата-жұрттың бағы үшін арыстан боп алысып, жолбарыс боп жұлысқан батырларымыз, ел басына күн туғанда халқын біріктіре білген патшаларымыз қаншама. Өткенімізді, қазіргімізді біріктірген бір мақсат – елдің бірлігі, бейбітшілік. Бәріміздің де бойымызды кернеп тұрған – солардың қаны, ойымызды тербеп тұрған – солардың арманы! Біздің бұлайша тебіренетіндігіміз – егемендік алған еліміз бен тәуелсіз болған мемлекетіміздің тамырын тереңге тартқан телегей тарихымыз бар, тарихтағы тұлғаларымыздың ізін жалғастырып келе жатқан бүгінде қаншама батырларымыз, ел тізгінін ұстап отырған ағаларымыз бар.

Тәуелсіздікті тұғырына қондырған, елді ерлікке жеткізген Ұлт Көшбасшысы 1 желтоқсанда ел тізгінін ұстады. Осы күні президенттік институтқа қадам бастық. Тұңғыш Президенттің бастамаларына қолдау жасай отырып, еліміз көп биікті бағындырды. Мемлекетіміздің әлем елдері арасындағы абыройы уақыт санап артып

келеді. Мұның барлығы да бүгінгі тәуелсіздігімізді тұғырлы ету жолындағы Тұңғыш Президентіміз – Елбасының еселі еңбегінің, көреген жасампаздығының жемісі.

Қазақстан өз тәуелсіздігі жылдарында әлем мойындаған мемлекеттердің қатарына қосылды. Терезесі түгел елмен тең деңгейге жетті. Ғасырлар бойы бабалар армандаған тәуелсіздіктің туы көкте желбіреді. 150-ден астам елдермен дипломатиялық қарым-қатынас орнатып, өзге мемлекеттердің даму жолдарын саралай келе, өзінің даңғылын таңдады. Шын мәнінде, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың салиқалы саясатының арқасында тәуелсіз Қазақ елі қалыптасып, тарихымыз түгенделіп, тіліміз, дініміз және діліміз қайта оралып, мемлекетіміздің ұлттық рәміздері қабылданды. Қазақстанның шынайы егемендігін қамтамасыз еткен маңызды мемлекеттік актілерге қол қойылды. Бұл бүгінгі күннің тарихы...

А.А. ДАРГУЖИЕВА,
Мектепке дейінгі және бастауышта білім беру кафедрасының оқытушысы

Эссе

«Студент болу - жас адамға бақытты болу деген сөзбен тең» деп Тұманбай Молдағалиев атамыз айтқандай, расымен студенттік өмірдің қызықты сәттерін бастан кешіріп жатқанымызды енді сезінудеміз. Біз үшін университет жанында өткен әрбір күн өзінше ерекше. Лекция, семинар, СОӘЖ, аудитория, группаластар, т.б. деген сөздер біз үшін бір жаңаша, бұл терминдерге енді үйреніп келе жатқандаймыз (бұған дейін сынып, оқушы, мұғалім сөздерін естіп үйренгенбіз ғой). Студенттік кезең жаңа достар табумен, ғылым мен әлемді танудың ең шарықтау кезеңдерінің бірі. Әрбір пәнді оқып білу бізге өте қызық. Осындай пәндердің бірі «Мемлекеттік қызметкердің этикасы мен имиджі». Сабақ үстінде әртүрлі тапсырмалар беріледі. Бір ретте пән оқытушысы тобымызға 2050 жылға саяхат жасатын, 2050 жылы Қазақстанды және өзімізді қандай деңгейде көретінімізді эссе түрінде немесе хат түрінде жазуға тапсырма берген болатын. Мен өзімнің хатымды осы пәннен беретін ұстазыма арнаған болатынмын.

2050-жылға саяхат

Құрметті Мария Юмагазиевна! Халіңіз қалай? Жағдайыңыз жақсыма? Мен, 2048-жылы кезектен тыс Президент сайлауында жеңіске жетіп, республикамыздың тізгінін ұстағанымды қуана хабарлаймын. Бүгінде Тәуелсіздігімізге 59 жыл толып отыр. Осы уақыт аралығында мемлекетіміз көп жетістіктерге жетті.

Студент шағымызда Тұңғыш Президентіміздің «Қазақстан-2050» стратегиясы туралы сұраса, оның мақсаты дамыған 30 елдің қатарына қосылуымыз деп жауап қататын едік. Бүгінде сол ұзақ мерзімді жоспар өз тиімділігін көрсетіп, жоспарланған уақытынан бұрын өз мақсатына жетіп отыр. Алдағы уақытта мен ел басшысы ретінде «Қазақстан-2100» стратегиялық жоспарымды даярлап, халыққа ұсынуды жоспарлап отырмын. Бүгінде еліміз дамыған 30 елдің қатарында. Халқымыздың саны 30 миллионнан асып жығылады. Бұл жетістіктерге жетуіміз халық пен биліктің бірлесе жұмыс жасауының арқасында жүзеге асып отыр. Мария Юмагазиевна, сіз бұрын нарықтық экономика туралы алғашқы түсінікті санамызда қалыптастырып

жатқаныңызда кәсіпкерлік туралы көп айтатынсыз.

Қазіргі таңда Қазақстан кәсіпкерлерінің үлесі 65% құрап отыр. Осының нәтижесінде елімізді отын-су, азық-түлік, киім-кешекпен 78% қамтамасыз етіп отырмыз. Мен сізге алдағы жоспарларыммен бөліскім келеді. Еліміз тәуелсіздік алғалы президенттік басқару жүйесімен жүгенделіп келеді. 59 жыл ішінде үкіметіміз тәжірибелі мамандармен толықты. Халықаралық дәрежедегі кездесулердің көбінде президенттерден гөрі, премьер-министрлер мен канцлерлердің жиыны жиірек болады. Сондықтан билікті Үкіметтің қолына тапсырмақпын. Әрине бұл халықпен бірге референдумда шешілетін үлкен мәселе. Әрине бұл жазып жатырғанымды күнделікті жаңалықтардан көріп отырғаныңызды білемін. Сөзімнің соңында сізге көп рақметімді айтамын және сізді Астана қаласына шақырамын. Ақорданың ішіне шағын экскурсия жасап, сізбен әңгімелескім келеді.

Мағжан СМАҒҰЛ
Мемлекеттік және жергілікті басқару мамандығының 1-курс студенті

Я родилась в свободной стране

Ассамблея народа Казахстана Западно-Казахстанской области объявил конкурс ко Дню Первого Президента и Дню Независимости Республики Казахстана. Целью конкурса являлось воспитание подрастающего поколения в духе патриотизма и уважения к истории. Приняв участие в этом конкурсе, я написала эссе на тему «Мой Независимый Казахстан». В эссе я назвала свою страну великолепной, потому что я родилась в свободной стране, где каждый может получить образование и где уважают творческий труд. Я с гордостью могу сказать, что изучаю русский язык даже если у меня базовое высшее образование - два иностранных языка.

На сегодняшний день многоязычие становится важнейшим фактором современного поликультурного мира. В своем послании к народу в 2009 году Президент Республики Казахстан Н.А. Назарбаев отметил, что в целях обеспечения конкурентоспособности страны была предложена поэтапная реализация культурного проекта «Триединство языков», согласно которому необходимо развитие трех языков: казахского как государственного языка, русского как языка межнационального общения и английского как языка успешной интеграции в глобальную экономику.

И, конечно же, все это благосостояние мы получили благодаря нашим сильным предкам и корням, которыми мы должны гордиться. И мы счастливы, что живем в сильной и свободной стране. Наша задача - учиться и стараться для процветания нашей страны. Хочу поблагодарить Ассамблею Народа Казахстана за предоставленную возможность участия в данном масштабном мероприятии.

Н.У. ЕРГАЛИЕВА,
Магистрант 2 курса «Русский язык и литература»

Тарих - ұлттың жады. Танымды тарихы жадында жатталған ұлт қана ұлт ретінде сақталып, басқалармен терезесі тең өмір сүре алады. Иә, сонау сақтардан бастау алған тарихымызды тағылымдау әрбір қазақтың басты міндеті болмақ.

Осы орайда Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев тарихымызды дәріптеп, оны насихаттау жолында «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласын жариялаған болатын. Соның аясында Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің «Дүниежүзілік тарих және әлеуметтік саяси пәндер» кафедрасының ұйымдастыруымен әртүрлі шаралар болды. Атап айтсақ, «18 оқулық жазба жұмыстар конкурсы», «Қоғамдық сананың жаңғыруы: гуманитарлық білімнің сапалы жаңаруы» тақырыбында дөңгелек үстелдер, «100 оқулық» бағдарламасы бойынша апталық және «Мен не білемін?» атты интеллектуалдық ойын оздырылған болатын. «100 оқулық» бағдарламасы бойынша болған апталық аясында «18 оқулық» жазба жұмыстар конкурсы (эсселер) ұйымдастырылды. Факультет бойынша барлығы 22 жұмыс қабылданды. Топтан оза шапқан үзіктерді анықтау барысында арнайы комиссия құрылды. Оның құрамында аталмыш кафедраның доценті т.ғ.к., Журасова А.Ш., т.ғ.к., Боранбаева Б.С., аға оқытушы т.ғ.к., С.М. Гизаттов, оқытушылар Ж.А. Калиева, Ж.К. Алдиярова болды. Арнайы комиссия шешімі бойынша жүлделі 1-орынды «Аймақтану» мамандығының 1 курс студенті Джаумитбаева А.К. иеленсе, 2-орынды «Есеп және аудит» мамандығының 3 курс студенті Х.Койланова және «Халықаралық қатынастар» мамандығының 2 курс студенті А.Даулеткалиева, 3 орынды «Құқықтану» мамандығының 1 курс студенті А.Тапаева және «Есеп және аудит» мамандығының 2 курс студенті Г.Есетова иеленді.

Апталық барысында алған әсерім ерекше болды. Өйткені, әлемнің үздік деп тапқан алғашқы «18 кітабы» біздер үшін де қолжетімді. Бұл әрине біз үшін үлкен қуаныш. Осындай бастамалар арқылы ұлттың санасына тағылымды ойлар мен танымдық қасиетті сіңдіре аламыз. «Ұлт тағдыры-білімді ұрпақ қолында» демекші, жастарымыздың әдебиетке деген қызығушылығын арттыра отырып, білім жолында озық ойлы болуға өз әсерін тигізери хақ.

А. МАРАТОВА,
«Халықаралық қатынастар» мамандығының 1 курс студент

"Ұлт тағдыры-білімді ұрпақ қолында"

Ұстаз деген киелі сөз, өйткені қоғамдағы барлық мамандық иелерінің бәрі ұстаздың алдынан, яғни білімімен, тәрбиесімен сусындап үлкен өмірге жол тартады. Бүгін өңгіме еткелі отырған ұстазым Садыр Мұдатұлы Мұдатов туралы болмақ.

Садыр Мұдатұлы Мұдатов 1938 жылы Атырау облысы Теңіз ауданына (қазіргі Құрманғазы) қарасты Морское ауылында балықшы жанұясында дүниеге келген. 1948 жыл он жасында К.Маркс атындағы қазақ орта мектебінің табалдырығын аттап, оны 1958 жылы үздік бітіріп шығады. Садыр аға жас күнінен білімге, жаңалыққа құштар болып өсті, мектеп табалдырығында жүргенде қоғамдық жұмыстарға белсене араласып бастауыш комсомол ұйымының хатшысы болды. 1958 – 1961 жылдары Кеңес Армиясы қатарында азаматтық борышын өтеді. Азаматтық борышын өтеу жолы Түркіменстанның Мары қаласынан басталып Германияның Альтелсләгер, Дәсеу, Виттенберг, Магдебург, Дрезден қалаларында жалғасты. Садыр аға өзінің бір мақаласында «менің есею жылдарым әскер қатарын болған кезде өтті» дегенді. Шынындада ағаның есею жылдары, оның айғағы ретінде сол кездегі әскери тәртіптің қаталдығы әрбір жастың ширап өсуіне, командирлердің сарбаздардың киім-киісіне, жүріс-тұрысына, адаммен қарым-қатынас мәселелерін айрықша мән беріп көдімгідей бой түзеп, азамат болып қалыптасуына жағдай жасайтын. Міне, осы тәрбие мектебінен өткен әрбір азамат еліне оралған соң, кішілерге үлгі - өнеге көрсетіп барша жұрттың сыйына бөленетін. Әскер қатарында жүргенде сол кезде взвод командирі болған, кейіннен Еділ бойы әскери округінің штаб бастығы, КСРО Қорғаныс министрлігі атынан жоғарғы дәрежелі әскери маман ретінде Вьетнам соғысына қатысқан, кеңестік кезеңде генерал-лейтенант атағын алған, бірен-саран қандасымыздың бірі Жансен Кереевтің көзін көріп, оның әскери тәрбиесінде болғандығын Садыр ағамыз мақтанышпен еске алады. Ж.Кереевтен тәлім алған озық әскери тәртібі арқасында әскерде қызмет еткен жылдары 1961 жылы полктың Құрмет Тақтасына ілігіп, 1960 – 1961 жылдары «Кеңес Армиясының үздік сарбазы» белгісіне ие болды және көптеген грамоталар мен алғыс хаттармен марапатталды.

Әскер қатарынан оралғаннан кейін жас жігітті әкесінің балықшы болғандығының әсері болды ма, әйтеуір 1961 жылы Қазақ Мемлекеттік ұлттық университеттің биология факультетінің ихиология және гидробиология мамандығының кешкі бөліміне түседі. Сол кездегі қаржы жағдайының қиындығына байланысты күндіз жұмыс жасап кешке оқуына тура келді, бірақ кейіннен «етек-жеңін» жинаған соң күндізгі бөлімге ауысады. Университетті 1966 жылы бітіріп Қазақ КСР – і Балық шаруашылығы Министрлігінің жолдамасымен Орал балық комбинатының тоған шаруашылығы мекемесінің бас инженері болып жұмысқа тұрады. Тоған шаруашылығы мекемесінде еңбек еткен жылдары балық түрлері мен өнімділігін арттыруда көптеген жобаларға қатысып, соның ішінде ақ амур, ақ және сұр дөңмаңдай балықтарын жерсіндіру бағытында жемісті еңбек етті. Сонымен қатар, облыс территориясындағы Шалқар көлінің эндемигі болып табылатын шалқар майшабақшасын басқа да балық түрлерінің экологиясын зерттеумен айналысты.

Аға өзінің газеттегі бір мақаласында «...ұстаздың орны ерекше болатын. Оның киген киімі, жүрісі – тұрысы, бәрі өзгеше еді. Олардың таңның атысы, күннің батысы тізе бүгіп, тыныстауға мұрша болмайтын. Соны көре

тұра ой-зердесі, ақыл-есі бар қай бала оқуға ұмтылмас дейсің» деп жазған болатын. Міне, осы ұстаздық жұмыстың қиында күрделі екендігін түсіне отырып өзі де жас ұрпақты білім нәрімен сусындату үшін 1970 жылы А.С.Пушкин атындағы Орал педагогикалық институтының (бүгінде М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті) жаратылыстану-география факультетінің зоология және биологияны оқыту әдістемесі кафедрасында өзінің педагогикалық еңбек жолын бастайды. Еңбек ете жүріп 1975-1978 жылдары Қазақ Мемлекеттік Ұлттық университетінің аспирантурасын тәмамдап ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысты. Педагогикалық және ғылыми-зерттеу еңбегі жолында жаратылыстану-география факультетінде танымал ғалымдар В.В.Иванов, Г.Е.Москалев, А.А.Цыганков, Е.А.Ағалеев, А.З.Петренко, үлкен аға буын өкілдері Ғ.Ж.Сәрсенғалиев, Қ.Т.Тұрашовтармен әріптес болып қызмет еткендігін мақтан тұтады.

Ағай өзінің жұмысына жауапкершілікпен қарап дәріс, зертханалық сабақтарға жан-жақты әзірленіп қызықты мысалдар келтіре отырып өткізетін, оның сабақтарын

студенттер асыға күтетін. Шәкірттеріне сабақты жан-жақты түсініп игеруі жолында өзінің уақытын, білімін аямайтын және болашақ ұстаздарға соны талап ететін. Омыртқалылар зоологиясы және басқада пәндерді асқан шеберлікпен өткізетін. Далалық сараман кезінде құстардың, жануарлардың өмір сүру ортасын және олардың қазақша-орысша аттарын жақсы білгендіктен студенттердің көбі ағайдың айналасынан табылып білуге тырысатын, көптеген сұрақтар қойылатын. Қойылған сұрақтарға толық түсінікті қарапайым тілмен жауап беретін. Сонымен қатар, Садыр Мұдатұлы студенттердің тәрбиесіне қатты көңіл аударатын, ол әрқашанда «Адамды адам еткен мінез, мінездің арқасында шаңырақ құрып, әлеуметтік ортаға сыйлы боласыңдар» деп ақыл-кеңесін айтып отыратын.

Мен де ағайдан білім-тәрбие алдым, кейіннен әріптес болып еңбек еттік, алған білімдерім болашақ ғылыми-зерттеу жұмысымда зор көмегі болды, сонымен қатар бізде ағайдың киім-киісіне, жүріс-тұрысына еліктеп ұқсауға тырысатынбыз.. Әріптес болып жұмыс жасаған кезде, де ағайдан көп тәжірибелік ақыл-кеңесін тыңдап күнделікті өмірлік тынысымда, педагогикалық жұмысымда қазіргі уақытқа дейін қолданым келемін.

Садыр Мұдатұлы ғылыми-зерттеу жұмыстарымен белсене араласты, соның ішінде «Шалқар көлі балық шаруашылығы айдынының балық өнімділігін және оның азығын зерттеу» және басқада бірнеше ғылыми тақырыптарға жетекшілігі етіп нәтижесінде облыстағы балық шаруашылығын дамытуда өзіндік үлесін қосты. Сонымен қатар, университетте көптеген қоғамдық жұмыстар атқарды соның ішінде, факультетте партия, кәсіподақ

ұйымдарының хатшысы, бақылау комитетінің төрағасы болды.

Жоғарғы оқу орнында еңбек еткен жылдары Садыр Мұдатұлының алдынан бірнеше жүздеген шәкірттері білім алып еліміздің түкпір-тікпірінде және жақын шет елдерде жас ұрпаққа білім беріп тәрбиелеуде жемісті еңбек етуде. Солардың ішінде, қазіргі таңда Астана қаласындағы С.Сейфуллин атындағы Қазақ Ауыл шаруашылық университетінің доценті, биология ғылымдарының кандидаты Ж.М.Қарағойшинды, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің биология және экология кафедрасының меңгерушісі, доцент, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты Б.С.Әлжанованы, Ақтөбе қаласындағы Бәйішев атындағы университетінің доценті, биология ғылымдарының кандидаты Д.Өтеулиеваны, биология ғылымдарының кандидаты Л.Сейтқұлованы, Л.Гумилев атындағы Евразиялық Ұлттық университеттің аға оқытушысы, географиядан РД докторы Н.Рамазанованы және басқаларын атап кетуге болады.

Ұстаздық және ғылыми-зерттеу жұмысында отыз жылға тарта еңбек етіп 100- ден аса ғылыми мақалалар мен 10 астам оқу-әдістемелік ықшармаларының авторы атанды. 1997 – жылы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің доценті ғылыми атағына ие болды.

ҰСТАЗЫМ ТУРАДЫ ОЙ

Садыр Мұдатұлы қазіргі кезде еңбек демалысында болса да, университет, қала, облыс көлеміндегі экологиялық және табиғатты қорғау бағытындағы жас ұрпақты тәрбиелеудегі өткізілетін маңызды шараларға белсенді қатысып, өз кеңесін беріп келеді.

Ардагер – ұстаз өмірлік жары Ғалия апамызбен 1967 жылы отбасын құрады. Ғалия апамыз көп жылдар бойы қаржы саласында еңбек еткен, қазіргі құрметті зейнеткер. Екі ұл тәрбиелеген өнегелі жанұя, үлкені Сәкен әке жолын қуып география-биология мамандығы бойынша университетті бітіріп, бірнеше жылдар бойы Садыр Мұдатұлы еңбек еткен зоология кафедрасында жұмыс жасады, облысымызда таеквондо шығыс жекпе-жегін алғашқы негізін қалап дамытқандардың бірі, кейіннен осы федерациясының президенті болды, қазіргі таңда республикаға белгілі жаттықтырушы, екінші ұлы Ілияс облысымызға белгілі кәсіпкер. Ұлдарынан өрбіген бес немерелерінің сүйікті ата-әжесі. Үлкен немересі Гүлдана қазіргі таңда Қытай Халық Республикасында беделді оқу орнында білім алуда болашақ мамандығы дизайнер.

Ұлағатты ардагер-ұстаз Садыр Мұдатұлын бүгінгі таңда сексеннің сеңгіріне шығып отырған мерейлі жасымен шын жүректен құттықтай отырып зор денсаулық, ұзақ өмір, жанұясына бақ-береке, жан-жары Ғалия апамыз екеуі ұлдарының, немерелерінің ортасында шаңырақтың ұйтқысы болып жүре беруіне шәкірттері атынан және өзінің жанұямыз атынан тілектестік білдіреміз.

Серік РАМАЗАНОВ,
шәкірті, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің доценті,
география ғылымдарының кандидаты

Шәкірттің жүрегіне жол тапқан ұлағатты ұстаз

Ұстаз... жаратылысынан өзіне айтылғанның бәрін жете түсінген, көрген, естіген және аңғарған нәрселердің бәрін жадында жақсы сақтайтын, ешнәрсені ұмытпайтын, алғыр да аңғарымпаз ақыл иесі. Мейлінше шешен, өнер-білімге құштар, аса қанағатшыл жаны асқақ және ар-намысын ардақтайтын, жақындарына да, жат адамдарына да әділ, жұрттың бәріне, жақсылық пен ізгілік көрсетіп, қорқыныш пен жасқану дегенді білмейтін батыл, ержүрек болуы

керек,-деген ата-бабамыздың сөзі біздің ардақты ұстазымыз, кураторымыз, Светлана Бақтыбайқызына арналғандай..

Мектеп табалдырығын артқа тастап, жаңа өмірге қадам басқан кезеңде бізді алғаш қарсы алған тәжірибелі кураторымыз Қалаханова Светлана Бақтыбайқызы. Балдаурен сезімге толы кезеңнен бастап, өткен төрт жыл ішінде қызығы мен шыжығы мол жылдарда бағыт беріп тәрбиелеген ардақты ұстаз, дара тұлға. Әр шәкірттерімен жеке араласа жүріп, баға жетпес білім-білік байлықтары мен бөлісіп қана қоймай, қоғамға өз көмегін тигізетінде тұлға болып қалыптасуымызға бірден-бір септігін тигізіп келе жатқан бағыттаушымыз, әрі қолдаушымыз. «Адамның адамшылығы - жақсы ұстаздан» деп ұлы Абай атамыз айтқандай, мұғалім тәрбиесі мен өнегесі студенттің болашақ азығы. Жақсы ұстазға кезігіп, тәлім-тәрбие алған шәкірт өмір майданында мойымай күресіп, болашақ жолдарда бағытымыздан таймасымыз анық. Жастардың болашағы, халқымыздың келешегі қазіргі ұстаздарымыздың

қолында. Ұстаздарымыз үйреткен білім мен біліктілікті келешекте жүзеге асыру – бұл біздің міндетіміз. Өмірдің жаңа кезеңіне қадам басқан сайын адалдық, шынайылық, достық, махаббат, адамгершілік сияқты қасиетті ұғымдар ұстазымыздың бейнесімен үйлесім тапқандай.

Ұстазымыз өз сөзінде үнемі «Көп оқып, көп білгендерің өздеріңе жақсы, жауапкершіліктен қашпандар, тәртіпті, тәрбиелі болындар, өздеріңді және өзгені сыйлаңдар» деп түсіндіріп, есімізге салып отырады.

Ардақты ұстаз! Сіз – біз көрген ұстаздардың ішінде ерекше есімізде қалатындай, өзіндік біліктілігіңізбен, жеке ұстазға ғана тән адамгершілік қасиетіңізбен, тобымыздың алдында білім алушы шәкірттеріңіздің арасында, зор құрметке иесіз. Сіздің берген біліміңіз бен тәрбиеніз, үйреткен сабақтарыңыз, түсіндірген дәрістеріңіз есімізде мәңгі қалары анық.

Қадірлі ұстазымыз! Светлана Бақтыбайқызы! Сізге қажырлы қайрат, биік белестер, таусылмас күш, толағай табыс, отбасындағы ана бақытын тілегіміз келеді. Менің ойымша осындай ұстаздарымыздың арқасында, мамандығымызға деген махаббат ешқашан жойылмайды.

Назерке МҰХАМБЕТЖАНОВА,
Педагогика және психология мамандығының
4-курс студенті, Тұңғыш Президент атындағы атаулы
шәкіртің иегері





В преддверии Нового года старейший вуз региона – Западно-Казахстанский государственный университет им.М.Утемисова – как и многие организации области, подводит итоги уходящего года.

Ректор университета, Нурлан Хабибуллович, считает, что для коллектива вуза ключевым событием уходящего 2018 года, безусловно, явились Послание Главы государства «Рост благосостояния казахстанцев...» и его программная статья «Семь граней великой степи».

УСТРЕМЛЕННЫ В БУДУЩЕЕ

и политической сферах. Сейчас в нашем университете по реализации государственной программы трехязычия продолжают функционировать полиязычные группы, в которых студенты обучаются на английском языке наряду с группами, в которых обучение проводится на казахском и русском.

Интернационализация университета осуществляется и благодаря привлечению приглашенных ученых, число которых составило свыше 30 профессоров более чем из 10 стран. Результатом таких шагов стало международное признание университета – ЗКГУ сегодня узнаваем, значительно расширилось сотрудничество с ведущими зарубежными вузами – заключено свыше 140 договоров с учебными заведениями различных стран мира. Осуществляется обмен студентами и преподавателями, что, в свою очередь, способствует дальнейшему развитию имиджа университета и наращиванию стажировок студентов и магистрантов в зарубежных университетах. На сегодняшний день

На днях стало известно о победе наших молодых ученых в конкурсном отборе проектов МОН РК - Имашеву Эдуарду и Алдашевой Камар были присуждены государственные научные стипендии.

Благодаря большому притоку молодежи сменился ракурс научных исследований, наши ученые делают акцент на инновационность, на коммерциализацию результатов научных проектов, на внедрение конкретных социальных задач, на тесную связь с производством. И к этому призывает и Президент: «Необходимо принять кардинальные меры по обеспечению научного и образовательного прорыва Казахстана в условиях глобальных вызовов цифровой эпохи. Наши наука и образование должны стать по-настоящему конкурентоспособными, выйти на мировой уровень».

Сегодня в нашей аккредитованной испытательной лаборатории экологии и био-гео-химии учеными университета ведутся совместные научные исследования по Карачаганакскому месторождению. Еще две научно-исследовательские лаборатории мы

др. предметы, которые сейчас тщательно исследуются в вузовской лаборатории. Как заявлял Лидер нации, лучшая форма патриотизма – это изучение родного края. «История и география сформировали особую модель преемственности тюркских государств, великих степных империй, – подчеркивает в своей статье Нурсултан Абишевич, – на протяжении веков последовательно сменяя друг друга, оставив свой значительный след в экономическом, политическом и культурном ландшафте средневекового Казахстана». И, конечно, здесь мы тоже можем с гордостью сказать, что именно в нашем университете на кафедре ботаники сохранен уникальный гербарный фонд, который формировался с 1934 года и в настоящее время зарегистрирован во Всемирной сводке гербариев «Index herbariorum». На данный момент разработано веб-приложение «Электронный гербарий ЗКГУ им. М. Утемисова» gf.wksu.kz - сервис предназначен для размещения и каталогизации оцифрованных материалов гербарного фонда ЗКГУ. Также оцифрован «Фонд редких книг ЗКГУ имени М.Утемисова» <http://rbf.wksu.kz/> - на

Реализация задач, поставленных Президентом, проходит красной линией через всю многогранную деятельность учебного заведения.

Актуальные вопросы социально-экономического развития страны и задачи дальнейшего повышения благосостояния казахстанцев тесно связаны с качеством образовательных услуг, на реализацию которых ректорат ЗКГУ им.М.Утемисова направил в нынешнем учебном году свои усилия. 20 сотрудников ЗКГУ за счет средств университета были направлены на учебу в очную аспирантуру российских вузов – нами приняты меры по улучшению кадровой подготовки молодых ученых. Университет оплатил им учебу, проживание, проезд. Помимо этого около 10 наших преподавателей поступили по целевым грантам Министерства образования и науки Республики в докторантуру и магистратуру учебных заведений Казахстана, им также оказывается большая поддержка ректоратом вуза - остро нуждающимся мы оплатили проживание. Для социально-корпоративной мотивации профессорско-преподавательского состава с этого учебного года в университете введена система комплексной материальной поддержки. Во-первых, это ежеквартальное премирование сотрудников факультетов и подразделений за высокие показатели в научно-педагогической и производственной деятельности; во-вторых, это гранты университета, присуждаемые ученым за инновационные проекты – для развития научно-исследовательской деятельности мы объявили конкурс на внутривузовское финансирование научных проектов - на эти цели выделено 15 млн. тенге; в-третьих, это дополнительное материальное вознаграждение сотрудников и преподавателей, подтвердивших высокий уровень языковой подготовки по английскому языку, поскольку руководство вуза уже сейчас нацеливает коллектив на приоритетную задачу – к 2020 году начать выпускать из стен университета специалистов, владеющих тремя языками. То есть, при необходимости мы всегда готовы финансировать проекты, касающиеся подготовки конкурентоспособных кадров, так как выполнение стратегически важных задач, поставленных Главой государства, является для нас приоритетом. Всем хорошо известно требование нашего Президента о том, что «Казахстан должен восприниматься во всем мире как высокообразованная страна, население которой пользуется тремя языками. Это: казахский язык — государственный язык, русский язык как язык межнационального общения и английский язык — язык успешной интеграции в глобальную экономику».

Актуальность поликультурного и полиязычного обучения определяется всеобщей мировой тенденцией к интеграции в экономической, культурной



в университете успешно реализуются программы дудипломного образования и академической мобильности. Например, в данный момент в нашем университете работают ученые из Германии, Польши, Российской Федерации.

За последние три месяца свыше 50 ученых нашего вуза в целях обмена опытом выезжали для участия в международных, республиканских научных конференциях и форумах. Наши студенты неоднократно демонстрировали свои интеллектуальные и творческие способности на студенческих олимпиадах разного уровня, одерживая победы.

И мы гордимся их достижениями. Буквально на днях известная на всю страну Жаная Мусина, преподаватель кафедры казахского языка, прославила нашу область своей, еще одной, замечательной победой на республиканском конкурсе акынов «Алтын домбра». Нашей коллеге Кажымовой Карлыгаш Рахимовне присвоена академическая степень доктора PhD. Ко Дню Независимости преподаватель кафедры истории Казахстана Жанабек Жаксығалиев получил государственную награду - медаль «Ерен еңбегі үшін».

Научная жизнь вуза очередной раз доказывает высокую квалификацию сотрудников и значимость их разработок.

открыли в этом учебном году. Благодаря государственной программе «Рухани жанғыру» расширились масштабы археологических раскопок, ежегодно проводимых кафедрой отечественной истории. Безусловно, большую роль для историко-поисковой работы ученых и студентов имеют призывы нашего Елбасы о приобщенности к национальной истории, к формированию чувства единства своих истоков, к воспитанию патриотизма и гордости за свою историю.

Проведенные нами археологические раскопки в этом году были очень плодотворными в плане уникальных находок. Комплекс курганных могильников Сегизсай (Лебедевка), где производились эти раскопки, принадлежит к числу наиболее ярких, выдающихся памятников скифо-сарматской эпохи Южного Приуралья. По своему научному значению он стоит в одном ряду с самыми значительными памятниками этого региона как Филипповские, Илекские и Покровские курганы. Научная экспедиция университета работала на трех погребениях курганов, где были обнаружены 12 экз. бронзового наконечника стрел, акинак, костяная ложка, миниатюрный лепной горшок, бронзовое зеркало, стеклянный флакон из финикийского стекла, жертвенник с ножками и

этом сервисе размещены оцифрованные варианты фонда редких книг. Здесь имеются уникальные издания, которые насчитывают несколько сот лет, имеются единственные в области учебники, изданные на латинице. На современном этапе идет цифровизация вузовского музея – в частности, виртуального тура по музею ЗКГУ с использованием 3-D сканирования экспонатов.

Одним словом, профессорско-преподавательский состав, студенчество нашего университета нацелены на продуктивное и качественное исполнение всего комплекса задач, связанных с подготовкой специалистов и инновационным вкладом науки в повышение конкурентоспособности Казахстана.

И действительно, не перестаешь удивляться прозорливости и мудрости, масштабности и многогранности взгляда Главы государства, который за глобальными мировыми и государственными задачами не упускает из виду глубокие по сути темы – воспитания и образования будущего поколения, качества их жизни. Предстоящий год объявлен Президентом Годом молодежи, и в этом контексте, однозначно повышается значение педагогического сообщества и роль нашей студенческой молодежи, устремленной в будущее.

Конкурс талантливых и одаренных

На факультете культуры и искусств ЗКГУ им. М.Утемисова стало хорошей традицией ежегодно проводить конкурс творческой молодежи «Жас дарын».

Факультет каждый год ведет профориентационную работу со школами г.Уральска и области. В период подготовки к конкурсу была проведена масштабная работа по выявлению творчески одаренных детей среди выпускных классов этих школ. За подготовку и проведение данного конкурса были назначены преподаватели кафедры, ответственные за профориентационную работу в закрепленных за ними в начале года школах.

29-30 ноября 2018 года в ЗКГУ проводился XIV региональный конкурс «Жас дарын» «Өнерліге есік ашық» в рамках программной статьи Президента Республики Казахстан Н.Назарбаева «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания» среди учащихся 10-11 классов и выпускников колледжей искусств, желающих продолжить обучение в ЗКГУ.

Конкурс проводился по 9 номинациям:

Это - изобразительное искусство, декоративное искусство, дизайн одежды, исполнительское искусство (соло), народные инструменты (казахские и русские), вокальное искусство, хореографическое искусство «соло» или «дуэт», культурно-досуговая работа,

информационно-библиотечная деятельность.

В XIV Региональном конкурсе «Жас дарын» среди учащихся 10-11 классов приняло участие 120 участников из Актыубинской (8), Атырауской (12), Мангыстауской (6) и Западно-Казахстанской (44) областей, из городских школ приняли участие 50 конкурсантов, из средних учебных заведений: музыкальных и педагогических колледжей - 22 конкурсанта.

Целью конкурса является выявление лучших творческих работ, танцевальных и музыкальных исполнителей, пропаганда искусства и культуры, обмен профессиональным опытом и привлечение одаренных детей в университет, факультет культуры и искусств.

Региональный конкурс юных талантов «Жас дарын» ежегодно выявляет целую плеяду молодых талантливых людей. Лучшие участники, выпускники школ становятся обладателями путевок на творческие экзамены для поступления в наш факультет. Так, по итогам прошлого конкурса в наш вуз поступили более 100 участников «Жас дарына». Надеемся, что в этом году их ряды пополнят еще больше талантливых и одаренных ребят.



Р.С. АБУОВА,
ст. преподаватель кафедры «Хи ҚДР»

Студенты ЗКГУ

покоряют международные конкурсы

Современный мир предоставляет нам множество различных возможностей, эффективные пути для развития молодежи и их идей. Сегодня одним из наиболее ярких, развивающих, интересных методов является проектная деятельность. В начале декабря в «Поволжском государственном университете сервиса» (г. Тольятти, Россия) прошел 10-й международный конкурс инновационных бизнес-проектов «BUSINESS HOLIDAY» со Школой молодого предпринимателя.

В конкурсе приняли участие студенты кафедр «Экономика и менеджмент» и «Учет и финансы», представив инновационные проекты, охватывающие различные проблемы современности на темы: «ЕСО JP», «Модернизация курортного и активного отдыха для людей с ограниченными возможностями» и «Service Exchange – биржа услуг».

Помимо защиты проектов, участников ждала богатая культурно-образовательная программа. 5 декабря прошли мастер-классы и различные тренинги. Выступали менторы – представители различных бизнес-структур, которые также являлись членами жюри.

Для гостей конкурса организаторы провели экскурсии, где были показаны достопримечательности и исторические объекты города Тольятти.

6 декабря команды студентов из городов Уральск, Екатеринбург, Санкт-Петербург, Казань, Самара и Тольятти презентовали свои разработанные бизнес-проекты. Защита проектов проводилась в виде диалога между членами жюри и участниками команд. В процессе выступления работы оценивались по 10-бальной шкале.

Для студентов, представивших ЗКГУ им. М.Утемисова на этом конкурсе - это было первое выступление на мероприятиях такого уровня, и, несмотря на огромное волнение, они заняли призовые места в различных категориях.

В номинации «Инновационное предпринимательство»

диплом I степени был присужден команде «ЕСО», студентам 3-го курса специальности «Экономика» (Э-32) Арсланову Алишеру, Базаровой Анастасии, Маман Камилле (научный руководитель ст.преподаватель кафедры экономики и менеджмента Чудрова В.У.)

В номинации «Эффективный бизнес» диплом II степени получили студенты 1-го курса специальности «Туризм» (Т-12) Ким Людмила, Ибраев Диар, Наурызалиева Альбина, Медетова Альбина (научный руководитель преподаватель кафедры экономики и менеджмента Черемухина О.В.).

В номинации «Сервис будущего» диплом III степени получили студенты 2-го и 3-го курсов специальности «Учет и аудит» Капустина Анастасия (УА-32) и Есетова Гульназ (УА-22) (научный руководитель ст.преподаватель кафедры учета и финансов Шамакова Н.Г.).

Студенты получили большое количество впечатлений и эмоций от поездки и конкурса в целом, что дает большой стимул для дальнейшего участия в подобных мероприятиях.

Международный конкурс инновационных бизнес-проектов «BUSINESS HOLIDAY» в «Поволжском государственном университете сервиса» (г. Тольятти, Россия) проходит ежегодно. И не первый год наши студенты возвращаются оттуда с призовыми местами. Пусть это станет доброй традицией для нашего вуза.

О.В. ЧЕРЕМУХИНА,

Преподаватель кафедры экономики и менеджмента



Дені сау ұрпақ - ел болашағы

Қараша айының 25-жұлдызында М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан Мемлекеттік университетінің физика – математика факультеті студенттері арасында «Тұңғыш Президент күні» мерекесіне орай шағын футболдан біріншілік оздырылды.

Бұл шарада 1-4 курс студенттерінен құралған 8 команда сынға түсті. Тартысқа толы өткен жарысымыздың нәтижесі бойынша:

I орынды информатика мамандығының IV курс студенттерінен құралған «Қайсар» командасы;

II орынды информатика және математика мамандығының II курс студенттерінен құралған «Оқи» командасы;



III орынды математика мамандығының IV курс студенттерінен құралған «M-four» командасы иеленді.

Сонымен қатар үздік ойыншылар және жүлделі орын алған командалар дипломдармен, медаль және кубокпен марапатталды.

Атап айтсақ: «Үздік қақпашы» аталымына «Оқи» командасының мүшесі – Жәнібек Нұрсұлтан, «Үздік қорғаушы» аталымына «Ақжайық жастары» командасының мүшесі – Базаров Мейірбек, ал «Үздік шабуылдаушы» аталымына «Грант» командасының мүшесі – Теміржанов Жандос лайық деп танылды.

Жарыстың негізгі ұйымдастырушылары факультетіміздің студенттік декан орынбасарлары – Жәнібек Нұрсұлтан мен Мендешұлы Жандос. Жарыстың жоғары деңгейде өтуіне бастамашы болған Жұбанұлы Садырұлына, Ибраим Саматұлына, Нұрлыбек Нұрғалиұлына және физика-математика факультеті деканының м.а. Дина Бакытжановаға, физика-математика факультеті деканының орынбасары Жарқынай Мұрадымовнаға алғыс білдіреміз. Факультет студенттері арасында достық қарым-қатынас орнатып, салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында өткізілген спорттық іс шаралар тізбегі әрі қарай өз жалғасын табады деп үміттенеміз.

Ж.МЕНДЕШҰЛЫ,

Физика – математика факультетінің информатика мамандығының II курс студенті,
А. Тайманов атындағы атаулы шәкіртақы иегері

«BOLASHAQ»: Жастарға инвестиция»

1993 год. Самое сложное время для Казахстана. Инфляция. Нету денег у государства. Даже чтобы внедрить тенге Международный валютный фонд от нас требовал 400млн \$ резервов. Не было, пришлось занять в Международном валютном фонде. В это время я решил запустить программу «Болашақ». Чтобы государство за свой счет отправляла молодежь в лучшие университеты мира. Имейте ввиду, это 50-60 тысяч \$ на одного человека. За все же платится, да?! Такую золотую удачу никогда не ловил не одно поколение Казахстанцев.

Н.Ә.Назарбаев «Болашақ» бағдарламасы туралы

Қараша айының 28-і күні, Тарих, экономика және құқық факультетінде «Тарих» мамандағының 1 курс магистранттарының ұйымдасыруымен, ҚР тарихы кафедрасының профессор-оқытушылар құрамы, «Тарих» мамандығының студенттері мен магистранттарының қатысуымен «Bolashaq»: Жастарға инвестиция» атты «Болашақ» бағдарламасының 25 жылдығына арналған шара болып өтті.



Шараның мақсаты «Болашақ» бағдарламасымен студенттер мен магистранттарды кеңірек таныстыру, бағдарлама түлектерінің мотивациялық әңгімелері арқылы аудиториядағы жастардың білім алуға деген ынтасын арттыру, сапалы біліммен еліне қызмет етуді насихаттау болып бекітілді. Шараға арнайы қонақ ретінде Назарбаев зияткерлік мектебінің ағылшын тілі мұғалімі Ишмұханов Нариман Аманжолұлы, университетіміздің ұстаздары: дүниежүзілік тарих және әлеуметтік- саяси пәндер кафедрасының оқытушысы Алдияров Жігер Қанатқалиұлы және Қазақстан тарихы кафедрасының оқытушысы Абдрахманова Ғазиза Серікқызы шақырылған болатын.

Кездесу басында модератор Болашақ бағдарламасы туралы түсініктеме бере отырып, Қазақстан тарихы кафедрасының меңгерушісі Бижанова Алия Ермековнаға және кафедра оқытушысы, т.ғ.к, доцент Байболсынова Альфия Сабырғалиевнаға сөз кезегін ұсынды. Тұңғыш президент күні өткізіліп отырған кездесуде ұстаздарымыз мерекемен құттықтап, «Болашақ» бағдарламасы туралы өз ой- пікірлерін ортаға салды. «Болашақ»

бағдарламасының ел дамуына қосқан әсері, әсіресе, тарихымызды қайта жазуға, толықтыруға қосқан үлесі туралы әңгіме өрбіді.

Алғы сөзден кейін бағдарлама туралы бейне материал көрсетіліп, кейін шара қонақтарына сөз берілді.

Нариман Аманжолұлы, өз сөзін «Болашақ» бағдарламасының ауылдан шыққан қарапайым жастар үшін берер мүмкіндіктері туралы бастады. Өзінің еңбек жолымен таныстырып, кейін бағдарламаның грант иегері болу үшін қандай қадамдар жасағанын, оқуда қандай қиындықтардың болғандығын, қазақы менталитеттің Европа халықтарының тұрмыс салтынан айырмашылықтары туралы айтып өтті. Ұлыбритания елінде «Білім беру ісіндегі басқару» мамандығы бойынша білім алып, енді алған білімін елге оралып іске асырып жатқандығы туралы және алға қойған мақсаттары туралы сөз етті. Кейін сөз кезегі Ғазиза Серікқызына берілді. Ғазиза Серікқызы, өзі сияқты жастарды шетелге бір мақсат жетелейтінін, тарихшы маман ретінде үлкен тәжірибе жинағанын, оқуға түсер алдындағы қорқыныштары, қуанышы және өзге елдегі

2018 жылдың 1-28 қараша аралығында М.Өтемісов атындағы БҚМУ-нің физика-математика факультетінің информатика кафедрасына Польша мемлекетінің Ұлы Казимир университетінен аға сарапшы, IT саласы бойынша маман, доктор Кжиштов Тубурек келді. Доктор Кжиштов Тубурек «Ғылыми жұмыстарды ұйымдастыру» тақырыбында семинар өткізді. Семинар барысында, доктор, аталған тақырып бойынша кафедра оқытушылары және студенттерімен пікір алмасты.

Ғалыммен өткен бір ай!

Тубурек мырзаны шақыртудағы мақсат – кафедрадағы профессор-оқытушылар құрамының біліктілігін арттыру. Доктор Кжиштов Тубурек студенттерге, профессор-оқытушылар құрамына да дәрістер және шеберлік класстарын өткізді. Студенттерге «Алгоритмдеу және бағдарламалау» пәнінен дәріс оқып, оны практика жүзінде түсіндірді. Сондай-ақ, «Ақпараттық жүйедегі мәліметтер қоры» пәнінен SQL бағдарламасы бойынша да ИС-31, Инф-31, ВТиПО-22,ВТиПО/у-14 топ студенттеріне дәрістер оқыды. Ал кафедра ұжымына және студенттерге «Concept of Data Mining» тақырыбында курс өткізіліп, сертификаттар табысталды.

Доктор Кжиштов Тубуректің біздің профессор-оқытушыларға берген білімі маман даярлауда үлкен көмегі тиері анық. Информатика кафедрасының ұжымы тәжірибе алмасуға шақырғаны үшін, университет әкімшілігіне, ғылым және халықаралық байланыстар бөліміне алғыс білдіреді.

оқу жүйесіне тоқталып өтті. Еліміздегі студенттердің өзге елдегі оқу жүйесінен көп жағдайда мүлдем басқаша екенін де тілге тиек етті. Қонақтарымыз өз сөздерінде білімге ашық адамның мүмкіндіктері туралы, ағылшын тілін оқудың маңыздылығы туралы, тайм менеджмент туралы айтып, жастардың шетелде білім алуға деген ынталарын арттырды.

Кездесу барысында қатысушылар қонақтарға сұрақ қойып, тұшымды жауап ала алды. Қонақтарымыз мемлекеттің жастарға жасап отырған үлкен қамқорлығы, тәуелсіздіктің олар ұсынған теңдессіз мүмкіндігі екенін тағы бір мәрте ұғындырды. Студент жастар шарадан үлкен мотивация алып, қанаттанып қайтты десек артық айтқандығымыз болмасы анық.

Қорыта айтқанда, шара барысында шынымен талаптанған білімді жастың шетелде мемлекет есебінен оқуына мүмкіндігі бар, тек еңбек етсе жете алатындығы туралы, тәуелсіз Қазақстанның еңбек адамына жасап отырған қамқорлығының жарқын көрінісі де осы екенін нақтыланды, тағы да бір дәлелденді. Еркін форматта өткен кездесуіміз естелік суретке түсумен аяқталды.

*Айдана ДУЗБАСОВА,
Тарих, экономика және құқық факультеті,
Тарих мамандығының 1 курс магистранты*

Желтоқсан айының 11 жұлдызында М.Өтемісұлы атындағы Батыс Қазақстан Мемлекеттік Университетінде филология факультетінің ұйымдастыруымен университетімізді республикалық көлемде танытып жүрген филология факультетінің белсенділерімен «TOPJARGAN» атты ашық кездесу кеші өткізілді.

ЖАҚСЫНЫ КӨРМЕККЕ

Солардың ішінде ҚР Президенті атындағы және «ҚР Тұңғыш Президенті-Елбасы қорының» шәкіртақы иегері Айша Кемешова, «Мен жастарға сенемін» республикалық байқауының бас жүлде иегері, Республикалық жасөспірімдерге арналған «Ұлан» газетінің тілшісі Аяжан Сагиева және республикалық бірінші лига чемпиондары «Талант» құрамасының мүшелері бой көрсетті. Шараның өткізілу барысында өзіміз қатарлы жас студенттердің бізден ешқандай айырмашылығы жоқ екендігін аңғаруға әбден болады. Жалпы бұл шара студенттерге көп септігін тигізе алады. Себебі жоғарғы буын саналатын белсенді студенттерден өздеріне қажетті немесе солар жеткен жетістікке қалай жетуге болатындығы туралы ақпарат біле алды. Бұл кездесу тек сұрақ-жауаптан емес сонымен қатар қызықты ойындармен де көрерменді зеріктірмеді.

Кештің өткізілу барысы сондай әсерліде көңілді өткізілгендігі сонша қонақтар мен көрермендер риза болып ұйымдастырушыларға үлкен алғыстарын жаудырды. Университетімізді танытып жүрген студенттер бұл серілер мен сұлулар ғана емес, осы сынды көптеген студенттер бар. Сондықтан аталмыш шараны әр ай сайын өткізіп одан әрі қызықтырақ ету жоспарда бар.

Алина БАҚТЫГЕРЕЕВА

Жалынды жастар бақтарын сынады

Елдің болашағы білімді ұрпақ демекші, қараша айының 23-жұлдызында «Педагогика» факультетінде, факультет аралық «Кім? Қайда? Қашан» атты зияткерлік ойыны оздырылып студенттер бақтарын сынаған еді. Атаулы шараның негізгі мақсаты: студенттердің әр салада білімдерін кеңейту, достық қарым-қатынасты нығайтып, шығармашылық ізденістерінің қалыптасуына жағдай жасау, сөйлеу шеберлігін жетілдіріп, белсенділігін арттыру болатын.

Ойынға I курс студенттерінен құралған 3 команда қатысты. Сонын ішінде филология факультетінен «Данышпандар» тобы, жаратылыстану-география факультетінен «Зияткерлер» тобы, тарих, экономика және құқық факультетінен «Дарындылар» командалары бақтарын сынады. Сайыс 4 кезеңнен тұрды, әр кезеңді қорытындылап, әділ бағасын беріп, жеңімпаздарды марапаттаған «Педагогика» факультетінің студенттік деканы Самиголла Е.Н. және тұңғыш президентіміздің атындағы атаулы шәкіртақы иегерлері: Наурызбаева Г., Утебаева Ж., Сабырова А., Мұхамбетжанова Н.

Бұл ойыннан байқағаным, студенттердің қарқыны өте жақсы, сөйлеу шеберліктері де жоғары деңгейде. Нәтижесінде I орынды «Дарындылар» тобы, II орынды «Данышпандар» тобы, III орынды «Зияткерлер» тобы иеленді. Осы орайда белсене қатысқаны үшін I курс студенттеріне алғысым шексіз. Болашақта бұл студенттер биік шыңдарды бағындырып, еліміздің абыройын асқақтататын жалынды жастар болып қалыптасатындарына мен толықтай сенімдімін! Осындай білім сүйер, ізденістері жоғары студенттердің қанатын қатайтуға сәл де болса септігін тигізетін ізгі шаралар оздырыла бергей!

*Назерке МҰХАМБЕТЖАНОВА,
Педагогика және психология мамандығының 4-курс студенті*

Ардагер спортшының ашық турнирі

7 желтоқсан самбо күресінен Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген жаттықтырушысы, самбо күресінен КСРО спорт шебері, Қазақстан Республикасының Құрметті спорт қайраткері Жұбанышқали Садырұлы Жәрдемөвтың жүлдесі үшін қазақ күресінен жоғары оқу орындары және колледж студенттері арасында қалалық ашық турнирі өтті.

Осы орайда аты аңызға айналған спортшымен әңгімелесуге мүмкіндік туды. Қарапайым, жас баладай қалбалақтап бәйек болатын Жұбанышқали Садырұлы өтіп жатқан турнир туралы былай деді:

- Жарысқа Орал қаласының 8 жоғары оқу орны мен колледждерінен, Сырым және Қаратөбе колледжінен арнайы келген барлығы 100-ден астам палуандар қатысып жатыр. Турнирдің ашылу салтанатында Батыс Қазақстан облысы қазақ күресі федерациясының вице-президенті Артур Мұратұлы да бар.

- Жүлде қорын көтеріп жатқан кімдер?

- Бүгінгінің бәрі Батыс Қазақстан облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының мен қазақ күресі федерациясының қолдауымен өтіп жатыр. Тіпті медальдардың өзін Алматы қаласынан арнайы тапсырыспен жасатты.

- Жұбанышқали ағай, университетімізде сіздің атыңызда музей де бар. Қарап отырсақ, үлкен еңбекті қажет етеді. Сол музей туралы не айтасыз? Қалай құрылды? Кімнің жүлдесі сөрелерден орын алды?

- Өткен жылы 7 ғимараттан музей ашып бергенде қуандым. Өзім үшін емес, үйге сыймай бара жатқан медальдар мен төсбелгілер үшін қуандым. Өуелден осындай дүниелерді жинауды әдетке айналдырғанмын. Ең алғаш 1975 жылдан бері жинап келемін. Бастапқыда үйімнің бір бөлмесін арнайы жабдықтадық. Кейін сәтін салып, тең жартысы университетке көшіп келді. Бұл музейдің ішінде өзімнің, шәкірттерімнің, жақын достарымның, ұстаздарымның төсбелгілері, маңызды құжаттары, естелік суреттері, шетелде өткен олимпиадалардан алған жүлдесі сақтаулы тұр. Мұны – Республика, КСРО, Азия, Құрылыстық, Өлем чемпиондарының көзі десем де болады. Бәрін студенттерге көрсеткім келеді, сол себептен үнемі ашық тұрғанын ұнатамын.

- Қазіргі уақытта жаныңызды салып жаттықтырып жүрген қанша шәкіртіңіз бар?

- Оның саны өзіме де жұмбақ. Осы университетке 20 жасымда келіп, 4 жыл білім алдым. Қызмет еткеніме 42 жыл

болыпты. Осы уақыт ішінде 30 спорт шеберін, 6 халықаралық дәрежедегі спорт шеберін, 2 еңбек сіңірген спорт шеберін дайындадым. Бұл санатқа кірмегендері қаншама. Өр шәкіртіммен мақтанам.

- Өзіңізді спортқа өкелген ұстазыңыз туралы айтыңызшы.

- Ол кісі қазір тоқсанға жақындады, шүкір. Есімі Береген Қожағалиев. Волейболист еді. Өзі ата-анадан ерте айырылған, біздерді тоқтыққа да, жоқтыққа мықтап тәрбиеледі. Спорт залдары жоқ. Құмның ішінде алысып-жұлысып дайындалатын едім. Сөйтіп жүріп 1968 жылы Орал облысы бойынша бірінші орын алдым. Сол жылы Орал облысының командасының капитаны болып, Қарағандыға бардық. Ол жақтан оныншы орын бұйырды. Бойымның аласалығына қарамастан, ойынның барлық түрлеріне икемім жақсы еді. Институтқа волейбол бойынша түстім. 2-3 айдан кейін «бойы қысқа, жарамсыз» деп шығарып салды. Сөйтіп, самбоға келдім. Жыл жарым ішінде спорт шебері атанып, оны 6 рет қайталадым.

- Спортшылар үнемі тұрақты салмақ ұстауға тырысады. Сіз неше келі салмақта шығып жүрдіңіз?

- Менікі 58 кг еді. 2,5 жыл күресте болғанымда ай сайын 10кг-дай салмақ тастауға тура келді. Өте қиын еді. Жаттықтырушы Қамеш Исмагулович 48 кг салмақты қойды. Содан үйреніп кеттік қой. Өлдік, тірілдік, күрестік. Бірнеше мәрте жеңіске жеттім.

- Сіз үшін ерекше болған жүлдеңіз қашан, қайда болды?

- 1975 жылы олимпиада ойындарымен тең, КСРО-ның ең үлкен жарысы Грузияның Тбилиси қаласында өтті. Оған «спорт шеберлері» ғана қатыса алатын.

- Соңғы жарысыңыз қалай болды?

- Соңғы рет университетішілік бәйгелерде бақ сынадым. Ардагерлер қатарына кіре алмадым. Салмағым жетпеді. Бірақ байрақты бәсекеде соңғы рет Липецк қаласында



болдым. Ол кез КСРО уақыты еді. Оралдан бір өзім бардым. Үкілі үміт менде болды. Мәреге Россия палуанымен бірге жеттім. Қатты қобалжыдым. Воронеж өзенінің жағасында келе жатып, Оралдық жерлесімді кезіктірдім. Ол кісі маған үлкен мотивация берді. Тіпті қазақ баласының жеңіске міндетті түрде жететінін сеніммен айтты. Мен де рухтанып, сол жарыста бас жүлдемен елге оралдым. Кейін қолға диплом түскеннен кейін, Алматы қаласына жұмысқа шақырды. Сол кездегі ректорымыз К.К.Кенжегулов институтқа шақырғанда, «өзге елде сұлтан болғанша, өз елімде ұлтан» болуды жөн санадым. Содан бері осы университетпен бірге келемін.

- Отбасыңызда спорт жолын таңдағандар бар ма? Жан жарыңыз қандай адам?

- Екі ұлым бар. Олардан тараған төрт немерем – көз қуанышым. Спорт жолын таңдаған ешкім жоқ. Кішкентай немере балам күреске қатысып жүр. Көп үміт артамын. Үйбікем өте тамаша адам. Өн бойында мін жоқ. Екеуіміз жақсы дос, сырласпыз. Өрге сүйрейтін де, көрге сүйрейтін де – әйел. Апаларыңызға деген құрметім мен сезімім шексіз.

- Бізге ағыңыздан жарылып сұхбат беріп, қонақ еткеніңіз үшін алғысым шексіз. Аман болыңыз!

Осы орайда Жұбанышқали Садырұлының шәкірттерінің пікірлері мен әңгімелерін естіп, ұстаз тұлғасын одан бетер тани түстім. Шара соңында Батыс Қазақстан облысы қазақ күресі федерациясының вице-президенті Артур Мұратұлы спорт ардагері Жұбанышқали Садырұлы ағамызға шәкірт тәрбиелеп, облысымызда спортты дамытудағы үлестері үшін Орал қаласының әкімі М.Мұқаевтың «Алғыс хатын» табыстады. Палуандар 55, 60, 66, 74, 82, 90, 100, +100 келі 8 салмақ дәрежелерінде бақтары сынады. Барлық қатысушылар турнирге үлкен дайындықпен келген, жарыс өте тартысты да қызықты өтті. Турнирге арнайы келген Жұбанышқали Садырұлы ағамыздың шәкірттері және аралас жекпе-жек чемпионатында (UFC) жеңімпаз атанған жерлесіміз, тұңғыш қазақ Дамир Исмагулов жеңімпаздарды марапаттады.

Айзада ДҮЙСЕНОВА

ТӘУЕЛСІЗДІК ТІРЕГІ – ТӨЛ ТЕҢГЕ

Қазақстан Республикасы – егеменді, тәуелсіз демократиялық мемлекет. Оның өз Ата заңы, мемлекеттік рәміздері, ұлттық валютасы бар. Тәуелсіздік алған елдің ең бірінші айрықша белгісі – ұлттық валюта. Ол – Қазақстан Республикасы көлемінде пайдаланылатын заңды төлем құралы. Ақша – асыл қазына, халық байлығы. Халқымыз теңгені бұрын да пайдаланған. Ерте замандарда теңгелерді Түркістан, Тараз қалаларындағы арнаулы шеберханаларда жасаған.

1993 жылы 12 қарашасында Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаев «Қазақстан Республикасында Ұлттық валюта енгізу туралы» жарлық шығарды. Ұлттық валютаны «теңге», ал оның жүзден бір бөлігін «тиын» деп атауды сол кездегі ҚР Жоғары кеңесі комитетінің төрағасы Сауық Төкежанов ұсынған еді. Теңгенің де өз шығу тарихы бар. Ұлттық теңгені жасауға екі жыл уақыт қажет болды. Теңгенің 16-ға жуық құпия қорғанысы, белгісі бар. Ұлттық валютамыздың дизайнын жасаушы авторлық топтың жетекшісі Тимур Сүлейменов болды. Қазақстан өз төл ақшасын шығару үшін 1990 жылы теңгенің алғашқы үлгісін жасайтын арнайы жұмысшы тобын құрды. Тәуелсіз елдің ұлттық валютасын жасап шығарған Тимур Сүлейменов, Мәндібай Әлин, Ағымсалы Дүзелханов, Хайролла Ғабжәлеловтер еді.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев: «Біз ұлттық ақшамызды бір-ақ рет және бір атаумен шығаруымыз керек. Екінші қайтара оның аты өзгермейді. Сондықтан оны әбден зерттеп барып, бір шешімге келуіміз қажет», - деді. Ең алғашқы теңге партиясы Англияның ең көне әрі әйгілі «Харрисон және ұлдары» фабрикасында басылып шықты. Теңгенің алғашқы партияларын сақтау үшін арнайы жер асты қоймалары дайындалған. Оларды төрт ИЛ-86 ұшақтары тасыды. Бір аптаның ішінде олар Лондонға 18 рет ұшып барып, қайтып келген. 1993 жылы қазан-қараша айларында Қазақстан рубль аймағынан толықтай шықты. Қарашаның 12-де Президент Жарлығынан 3 күннен кейін, яғни 15 қарашада теңге айналымға енді.

1993 жылы Алматыда құрылысы басталған банкнот фабрикасы 1995 жылы толық аяқталды. 19 мамыр 1995 жылы ресми ашылу рәсімі өтті. Нұрсұлтан Назарбаев осында басылып шыққан алғашқы миллион теңгені үкіл Қазақстанға көрсетеді. Қазір Тәуелсіз Қазақстан төл валютасын өз елімізде басып шығарады. Ұлттық теңгеміздің шеттері қазақтың ою-өрнектерімен безендірілген. Бірінші бетінде қазақ халқының әйгілі ұлы тұлғалары бейнеленген. Екінші бетінде ою-өрнектер, табиғат көріністері бейнеленіп,

елтаңбамыз салынған.

1992 жылы теңге дизайнындағы бейнелер бекітілді. Ең алғашқы теңгемізде белгілі тарихи тұлғалардың портреттері, Алатау мен Көкшетау көріністері, Қожа Ахмет Яссауи кесенесінің бейнесі, Маңғыстаудан табылған тастағы таңбалар пайдаланылды. Бір теңгелік банкнотқа Әбу Насыр әл-Фараби, үш теңгелікке Сүйінбай, бес теңгелікке Құрманғазы, он теңгелікке Шоқан, жиырма теңгелікке – Абай, елу теңгелікке – Өбілқайыр хан, жүз теңгелікке Абылайхан бейнесі салынған. Ұлттық валюта – теңге банкнот және монета түрінде айналысқа енгізілді. Банкноттар – Ұлттық Банктің Алматы қаласындағы Банкнот фабрикасында, ал монеталар Өскемендегі монета сарайында дайындалып, шығарылады.

Қазақстанның ақша сарайы металл тиындарды шығаруға дайын болмағандықтан жедел түрде қағаз түрінде шығарды, бірақ 1 жылдан соң оларды металл тиындарға ауыстырды. 1994 жылы қағаз тиындар жезден жасалған монеталармен алмасты. 2007 жылы теңге символы енгізіліп, Халықаралық валюта қауымдастығы 10 000 теңгені «Өлемдегі ең үздік банкнот» деп таныды.

Теңге – Қазақстан Республикасының мемлекеттік нышаны. Өнұран, ту және елтаңба сияқты ұлттық валюта да мемлекеттік нышандардың қатарына жатады. Ұлттық валюта теңге – біздің еліміздің тәуелсіздігін жариялаған уақыттан бастап, айрықша болған мәнді оқиғалардың бірі болып табылады. Ұлттық валютаны енгізу елімізде жеке ақша – кредит саясатын жүргізуге мүмкіндік берді. Қазақстан валютасын қолдау туралы Халықаралық валюта қорымен, Бүкіл дүние жүзілік, Еуропалық және Азия даму банктерімен, сондай – ақ, әлемнің бірқатар дамыған елдерінің үкіметтерімен келісімге қол қою арқылы жетті. Өлбетте, төл теңгеміздің құны шетел валюталарына шаққандағы құнымен есептелмейді. Әсілі, ұлттық валюта тәуелсіздігіміз бен дербестігімізді паш ететін негізгі фактор. Енді ғана тәй-тәй басқан еліміздің асар белестері көп. Инфляция деңгейі соңғы жылдары бір көтеріліп, алде құлдырап айналымдағы рубль мен доллардың бәсін көтергендей болғанымен, отандық банктерде сақтаулы депозиттердің көпшілігі теңгеге ауыстырылған, банк операциялары мен сауда-саттық теңгемен жүзеге асады. Олай болса қазақ теңгесінің дәурені алда демекпіз.

Б.Г. ГАБДУЛОВ,

Жаратылыстану-география факультеті, биология және экология кафедрасының оқытушысы, магистр
Р.Қ. АНАТОЛИЙ,
Б-23 топ студенті

Молодежь и бизнес

На кафедре экономики и менеджмента прошла встреча с предпринимателями Западно-Казахстанской области.

В качестве спикеров на этой образовательно-мотивационной площадке выступили: директор фонда «Үркер», оператор и режиссер, опытный специалист в области госзаказов – Алишер Гумар, создатель SMMагентства DoProjectSMM, пабликов в Инстаграм @qaimaq_today, @zero_uralsk, @uralsk.online – Шукир Рахимов, действующий предприниматель в сфере продаж, руководитель собственной консалтинговой компании Рауан Алтаев. Будучи молодыми людьми и выпускниками факультета истории, экономики и права ЗКГУ, они поделились со студентами своей историей интеграции в мир бизнеса.

В бизнес-встрече участвовали студенты 1,2,3 курсов специальности Государственное и местное управление, Экономика, Менеджмент, Финансы. Тренинг прошел под руководством преподавателя кафедры экономики и менеджмента Акмалиевой Арайлым Жумагереевны и магистра экономических наук Янтурсиной Зульфары Юмагазиевны.

В своем послании Глава государства уже в который раз отмечает важность и приоритетность развития бизнеса, и, более того, именно среди молодежи. Успехи, которых страна достигла за 27 лет независимости, подтверждают одно - «Казахстан – страна возможностей». И наша задача использовать их. Этот мини-форум, носящий формат «без галстуков», собрал самых активных и перспективных студентов, как неустанно повторяется в стенах нашего учебного заведения, будущую элиту казахстанского общества.

Студентам предоставился шанс в личной неформальной беседе узнать о новых вехах в развитии предпринимательства от таких же молодых людей, которые точно так же учились здесь, на этом факультете. Одни сферы уходят в прошлое, им на смену приходят абсолютно новые.

Подобные встречи будут проводиться на кафедре и далее, а также на факультетском и межфакультетском уровне.

Дана ДҮЙСЕКЕНОВА,

студентка 3 курса специальности «ГМУ»

«РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ТІЛІН МЕҢГЕРУДЕГІ СЕРПІЛІСТЕР

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы ел дамуының жарқын үлгісі мен нақты қадамдарын көрсететін келелі ой, салиқалы пікір, батыл шешімдерге құрылған маңызды құжат. Бұл мақалада сананы жаңғырту, ұлттық болмыстан, ұлттық кодтан айырылып қалмай, оны әлемдік құндылықтармен үйлестіріп, Қазақстанның игілігіне жарату жолындағы мақсат-мүдделер туралы өзекті мәселе көтеріліп отыр. Онда ел Президенті Қазақстан үшін қайта түлеудің айырықша маңызды екі үдерісі – саяси реформа мен экономикалық жаңғыруды қолға ала отырып, Біртұтас Ұлт болу үшін болашаққа қалай қадам басатынын және бұқаралық сананы қалай өзгертетіні жөнінде алысты болжайтын көзқарастарымен бөліседі.

Рухани жаңғыру – ұлтымыздың барлық ұлттық салт-дәстүрлерін, мемлекеттік тіліміз бен әдебиетімізді, мәдениетімізді, ұлттық рухымызды жаңғырту деген асыл ұғымға келіп саяды. Елбасымыздың рухани жаңғыруға, руханиятқа, білім, ғылымға маңыз беруі – үлкен көрегендік пен ұлттың алға ілгерлеуін жылдам қарқынмен жылжытатын қозғаушы күш.

Н.Ә.Назарбаев бұл ретте, тұтас қоғамның және әрбір қазақстандықтың санасын жаңғыртудың бірнеше бағытына жеке-жеке тоқталады. «Сананы жаңғыртудың» мазмұнын негіздей отырып, Президент жаңғырудың алты бағытын белгілейді: 1. Бәсекеге қабілеттілік; 2. Прагматизм; 3. Ұлттық бірегейлікті сақтау; 4. Білімнің салтанат құруы; 5. Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы; 6. Сананың ашықтығы.

Аталмыш бағыттардың бәрі барынша өзектендірілген және уақыттың талаптарына нақты жауап береді. «Мәңгілік ел» болуымыз үшін бізге ауадай қажетті қасиеттер мен құндылықтардың қайнары тоғысып, ақыл-парасаты толысқан, ғаламдық ғылымды игерген адамдар көп болса, еліміз өркендетті, бәсекеге қабілетті болатыны ақиқат. Сондықтан, әрбір қазақстандық, сол арқылы тұтас ұлт ХХІ ғасырға лайықты қасиеттерге ие болуы керек. Мысалы, компьютерлік сауаттылық, шет тілдерін білу, мәдени ашықтық сияқты факторлар әркімнің алға басуына сөзсіз қажетті алғышарттардың санатында.

Елбасы 2006 жылдың қазанында өткен Қазақстан халқы ассамблеясының ХІІ құрылтайында «Үш тұғырлы тіл» туралы идеяны жария етті. Ал 2007 Жолдауында «Тілдердің үштұғырлылығы» атты мәдени жобаны кезең-кезеңмен іске асыруды ұсынды.

«Үштұғырлы тіл» идеясының үшінші құрамдас бөлігі – ағылшын тілін үйрену. Жасыратыны жоқ, бүгінгі таңда ағылшын тілін меңгеру дегеніміз – ғаламдық ақпараттар мен инновациялардың ағынына ілесу деген сөз. Қазақстандықтардың ағылшын және басқа да шет тілдерін оқып-үйренуге жәрдемдесу үшін колледждер мен жоғары оқу орындарында шет тілінің болашақ оқытушыларын оқыту жүйесі мен процесіне қоюлатын талаптарды күшейту керек.

Осыған орай, ағылшын тілі тілдің үш тұғырының бірі ретінде қызмет етудің алғышарты – оның қоғамдық өмірдің әр алуан саласында қолданылуы, әлеуметтік-экономикалық, мемлекеттік зор ұлттар мен ұлыстардың бір-бірін түсінуіне – халықаралық сипат алған ағылшын тілінің өзіндік рөлі зор.

Елімізде жыл сайын шет елдерде білім алатын

жастарымыздың саны артуда. Сол себепті де ағылшын тілін тереңдетіп оқитын мектептер, жоғары оқу орындары, тілге күш салуда. Еліміздің біршама аймақтарында ағылшын тілін жетік меңгеру үшін көптеген курстар ашылған.

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде ағылшын, неміс, француз тілдерін оқыту жолға қойылған. Университетімізге шет елден шақырылған ғалым, профессорлар жиі келеді. Атап айтатын болсақ, осы оқу жылында Хорватиядан Загреб университетінің профессоры, неміс және ағылшын тілдерінің маманы Мартин Арндт, Польшаның Конин қаласындағы мемлекеттік университетінің профессорлары Анна Бончовска және Барбара Левандовска-Томасчык, және Ирландиядан Гэлвей Университетінен Лаура Маклоклин келіп, шет тілі: екі шет тілі мамандығы студенттеріне «Когнитивтік лингвистика», «Жаңартылған білім берудің теориясы мен технологиясы» пәндерінен дәрістер оқуда.

Шет елдік мамандардың қатысуымен факультет студенттері мен оқытушылар құрамына арналған семинар, конференциялар жиі өткізіледі. Солардың бірі, италиян тілі бойынша қосымша сабақтар, IELTS ағылшын деңгейін анықтауға арналған халықаралық емтиханға дайындық жұмыстары.

Студенттеріміз тілдерді меңгеруде жоғары жетістіктерге қол жеткізіп жүр. Мысалы, үстіміздегі жылдың 10 қазанында елордамыз Астана қаласында өткен Тілдарын Республикалық олимпиадасынан университетіміздің филология факультеті, шет тілі: екі шет тілі мамандығының ИЯ-33 топ студенті Даулетова Мөлдір І-орынды иеленді.

Елбасы «Қазақстан – 2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Біз ағылшын тілін игеруде серпіліс жасауымыз керек» деген болатын. Халықаралық сипаттағы ағылшын тілінің рөлі, қазіргі ХХІ ғасырда тереңдетілген, маңызды рөл болып саналуда. «Жаңа жағдайда жаңғыруға деген ішкі ұмтылыс – біздің дамуымыздың ең басты қағидасы» деген Елбасы мақаласы заман көшінен қалмай, әлем көз тіккен, дамыған озық елдер қатарынан орын алу үшін жаһандық бәсекеге қабілеттілікті арттырып, «өмір үшін өзгере білу керектігін, оған көнбегендер тарихтың шаңына ілесе алмайтынын» ұқтырғандай.

Р.Г. ШАМГОНОВА,

М. Өтемісов атындағы БҚМУ-дың аға оқытушысы, магистр

Қазақстан Президенті: Саясат, Қауіпсіздік, Тұрақтылық

Адамзат үшін ең басты құндылықтардың бірі де, бірегейі – бостандық. Өлемнің қай мемлекетін алып қарасаңыз да тәуелсіздігі қымбат. Егемендік сан ғасырлар бойы көптеген ұлттар мен ұлыстардың мәңгілік қол жетпес арманы болған. Дәл осы еркіндік жолында әлі де күресіп жатқан халықтар қаншама? Арғы-бергі ата-бабаларымыз: «Егемен болмай ел болмас, етекпен кескен жең болмас», - деп елінің өзгелермен терезесі тең, жеке-дара мемлекет болғанын аңсаумен өтті. Тарихты парақтап қарасақ та ел бастаған хан мен қостаған бұқараны қиын-қыстау, сан тарау жолдардан да осы бір үміт пен арманның адастырмай бастаушысы болып алып шыққанын көреміз. Халқымыздың бақытына орай еліміздің Тұңғыш Президенті Н.Назарбаевтың тереңнен зерделей білетін саясатының, келешекті болжай білетін көрегендігінің арқасында 1991 жылы 16 желтоқсанда Қазақстан ешқандай қақтығыссыз егемендікке қол жеткізді. Бұл айтуға оңай, атқаруға келгенде ғасырлық салмағы бар іс.

Баяғы хандар мен билердің жүгін артық-кемсіз арқалау бүгінгі күні Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың иығына жүктеліп отыр. Абыроймен атқарылып келе жатқан бұл қызметте бүгінгі күні басқа ешкімді елестету мүмкін емес. Нұрсұлтан Әбішұлының «Қазақтың бүкіл тарихы – бірігу тарихы, тұтастану тарихы. Қазақ тек бірігу, бірлесу жолында келе жатқан халық» деуінде үлкен мән жатыр. Өйткені татулық пен бірлікті насихаттап қана қоймай, соның үлгісі болып келе жатқан Қазақстан – әлем тыныштығының тілекшісі. Тәуелсіз еліміздің өркендетті даму жолындағы ұлан-ғайыр ізденістері мен ұлы істері іргемізді бекітіп, керегемізді кеңейте түсуде. Табалдырығымыз тастай берік, маңдайшамыз көтеріңкі. Осының арқасында әр күнімізді бағалайтын салауатты өмірге жеттік. Бағы мен бақытын бөлісіп жататын Қазақстанның тіккен байрағы мен көтерген шаңырағы әлем елдері арасында жамандықтан аман-есен келе жатыр. Неге десеңіз, қазақтың бағына туған Нұрсұлтан Назарбаевтай нар тұлға өмірдің небір жауапты кезеңдерінен елімізді биік дәрежеде алып өтіп келеді. Жоғары тапқырлықпен, жүз ойланап, мың толғанып ақыл-ойын салмақтап, парасат сүзгісінен өткізе отырып қабылданған, Президент қол қойған әрбір құжат – Қазақстан болашағына жасалған қадам. Сол қаламның ұшында тұрған ел тағдыры, бүкіл ел атынан шешім қабылдау қаншалықты

жауапты екенін барлығымыз да сезінеміз. Нәтижесін де көзбен көріп отырмыз.

Еліміздің еңсесі көтеріліп, белі бекіп, бұғанасы қатқан өсу жылдары да оңайлыққа түскен жоқ. Қожа Ахмет Яссауидың бір сөзі бар: «Диқан болсаң қолыңа кетпен ал да, халқыңа нан бер». Оған шығыс данасы Харизидің: «Сөз бар болғаны гүл ғана, ал іс – сол гүлден түйнеген жеміс» деген сөзін қосыңыз. Ғұламалар ойының астарлы түйіні халқыңды жеткіз, еліңе қызмет қыл, бағын аш дегенге саяды. Қазақстанның қазіргі жағдайына, халықаралық қауымдастықтағы орнына, экономикадағы, реформалық өзгерістердегі жетістіктеріне үңілсек, сөз жоқ, Елбасының парасатты істерінің жемістері көрініс береді.

Аталарымыздың «Ұлы жол - үйіңнің табалдырығынан басталады» деуі тегін емес. Иә, туған жерге деген махаббат - Отанға деген ұлы махаббатқа ұласатыны анық. Туған жерді сүймей, елңді, Отаныңды сүйе алмайсың. Осындайда Елбасымыздың «Өз халқын сүйген адам ғана оның тағдыры үшін күйе алады», - деген сөзі ойға оралады.

Кезінде Абылай ханнан «Не арманың бар?» деп сұрағанда «Үш жүздің басын қоссам деп едім, қоса алмадым. Қала салсам деп едім, сала алмадым. Қазақты біртұтас ел етсем деп едім, оны да істей алмадым» деген екен.

Алаш арыстарының осындай мақсатын, «мың өліп, мың тірілген» қазақ халқының сан ғасырлық аңсаулы арманын іске асыруда еліміздің Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың қажырлы еңбегі зор. Елбасымыз талай қиындықтан, небір қылкөпірден халқын аман алып өтіп, бүгінде өзі құрған мемлекетті жетелеп, әлемнің озық елдерінің қатарына қоса бастағаны - әлемдік қауымдастық әлдеқашан мойындаған ақиқат.

Кейбір мемлекет басшылары, өз ұлтының азаматтарының да басын біріктіре алмай, қақтығысып жатқанда, Қазақстанда тұратын 130-дан астам этнос өкілдерін қазақтың қасиетті берекелі шаңырағының астында топтастырып, олардың бірлігін, ынтымағын нығайтудағы, ұлтаралық және конфессияаралық келісімді, қоғамдағы татулықты үйлестірудегі Нұрсұлтан Назарбаевтың ерлікке толы еңбегін бүгінде тек қана қазақстандықтар емес, бүкіл әлем танып, мойындап отыр.

ҰЛТТЫҚ РУХЫМЫЗДЫ ЖАҢАҢДАҢДЫРУҒА БАҒЫТТАЛҒАН ИДЕЯ

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың 2018 жылғы 21 қарашадағы «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласы қазіргі жаһандық әлемде өз орнын алуға ұмтылған Қазақстанның ұлы мұраттарын жүзеге асыруды көздеген заманауи ұсыныстарға толы мәселе. Өйткені, соңғы жылдары «Мәдени мұра», «Халық тарих толқынында» бағдарламалары, «Болашаққа бағдар рухани жаңғыру» мақалалары мен бірнеше ұлттық тарихымызды танытып, насихаттауға бағытталған іс-шаралар кеңінен қолға алынғалы еліміздің ұлттық тарихына оң көзқарас қалыптасты. Сол жүргізілген іс-шаралар негізінде ата-бабаларымыздың қоршаған ортамен етене өмір сүріп, өздерін табиғаттың ажырамас бөлігі ретінде бес мыңжылдық өркеніетінің қанат жайып, бүгінгі күнге дейінгі сақталғаны анықталды. Сондықтан, ұсынылып отырған елбасының бүгінгі мақаласын бұған дейінгі зерттеулерде дәлелденгендей ұлтымыздың тарихи өркеніетті дамуы мен қалыптасуы жолын әлем елдеріне мойындатуға бағытталған аса құнды пікірлер ретінде қабылдадық.

Өсіресе, мақалада айтылған «Өз тарихына деген мақтанш сезімін ұялатып, отаншылдық тәрбие беру мектеп қабырғасынан басталуы тиіс, мектептер мен барлық өңірлердегі өлкетану музейлерінің жанынан тарихи археологиялық қозғалыстар құрудың маңызы» туралы ойлары өте орынды. Егерде көшпелі өркеніеттің ошағы қазақтың дархан даласында әлі күнге дейін сайрап жатқанын ескерсек, онда зерттеудің негізі өңірлердегі тарихи-мәдени ескерткіштерді танытуды жасөспірім буынның бойына сіңіруден басталуының орынды екеніне еш күмән жоқ. Сонымен бірге, мақалада көтерілген «Ұлы даланың ұлы есімдері» атты энциклопедиялық саябағын ашу, тарихи тұлғалардың бейнесінің маңызды галереясын жасау, «Ұлы дала тұлғалары» атты ғылыми-көпшілік сериялар шығару, википедия үлгісінде Қазақстанның модераторлығымен түркі халықтарына ортақ туындылардың бірыңғай онлайн кітапханасын ашу, «Ұлы дала» атты ежелгі өнер және технологиялық музейін ашу, жалпыұлттық тарихи реконструкциялар клубын құру және Ұлы даланың бай мифологиялық, фольклорлық материалдарын пайдаланып, түрлі жанрдағы сапалы фильмдер түсіру арқылы тарихи тұлғаларымызды әлемге паш ету, таныту идеялары заман талабына сай беталысымызды көрсетеді. Елбасы аталған шаралардың тек қазақстандық ғана емес, шетелдік мамандармен бірлесіп отырып жасалуын талап етуі отандық технологияның жаһандық үрдіске сай қамдануының, үздік тәжірибеге негізделіп сапалы орындалуының кепілі болмақ деп санаймыз. Сондықтан, жоғары кәсіби білім беру саласының маманы әрі тарихшы ретінде өз ойым: ұлттық тарих пен рухани құндылықтарымыз бұған дейін де мемлекеттік деңгейде зерттеліп, зерделеніп, әлем елдеріне таныстырылып келсе, ендігі кезек сол жаһандық елдердің арасында өзінің лайықты тарихи орнын алуға ұмтылған аса ауқымды мақсат қойып отыр. Ендеше, ұсынылып отырған «Ұлы даланың жеті қыры» идеясын қолдап, барынша жүзеге асыруға әр қайсымыздың қосқан үлесіміз жаһандық тарихтағы Қазақстан атты алып мемлекетті қалыптастырып, ұрпаққа мұра етіп қалдырған даңқты тарихи тұлғаларымыздың еңбегінің өтуі болмақ деп есептейміз.

Альфия БАЙБОЛСЫНОВА,

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің доценті, тарих ғылымдарының кандидаты

Елбасымыздың қажымас қайраты мен даналығының, ерлігі мен батылдығының арқасында тәуелсіз мемлекетіміздің шекарасы бекітілді, халық қасіретінің ошағы болған Семей атомдық сынақ полигоны жабылды. Сарыарқаның төрінде бой көтерген Астана қаласы еліміздің мақтанышына айналды. Шетқақпай көрген дініміз, тіліміз төрден орын алды.

Ғасырлар бойы арман боп келген тәуелсіздіктің баянды болуы үшін ендігі жерде Елбасымыз айтқандай, қоғамның барлық мүшелері «Бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып», ортақ мүдде жолында аянбай тер төгулері керек. Тіршілік ынтымағы жарасқан елде ғана баянды болады. Бізге мәңгілік керегі – бірлік пен ынтымақ. Жақсылыққа жаға жыртасып жүріп жетпейді, жарыса жүріп жетеді. Елбасы тәуелсіздіктің алғашқы күнінен бастап, көзінің қарашығындай сақтап келе жатқан сол ынтымақ пен бірлікке кірбің түсіріп алмауымыз керек. Қазаққа да, қазақпен тағдырын қосқан өзге этнос өкілдеріне де ең алдымен керегі – осы. Президенттің пәрменімен құрылған Қазақстан халқы Ассамблеясы – осындай игілікті іске тектік болған қоғамдық институт.

Осы ширек ғасыр ішінде айтқанынан таймайтын сарабал саясат, ел ішінде тұрақтылық, мемлекеттегі адам құқығы мен қауіпсіздігін сақтауға Елбасы да бір кісідей қамқорлық танытып келеді. Бастысы Еліміз бен Елбасымыз аман, жұртымыз тыныш болсын!

Ару ҚЫДЫРҒАЛИЕВА,

физика-математика факультетінің 1-курс студенті

Мен ес білгелі әжемнің бауырында болыппын. Жеті айлығымнан бастап әжемнің саясында өстім. Әкем мен анамды бейне бір аға-жеңгем тәрізді көруші едім. Әжемнің айналайыны, шашымнан иіскеп, ыстық құшағына алған сәттері, мен, ешуақытта, еш нәрсеге айырбастамас жарқын естеліктер.

Шіркін, бұрынғының адамдары оқу оқып, диплом алмаса да, рухани бай, көздері ашық еді. Менің әжем де сондай кісі болған. Бастауыш сыныпта мектептен жаттауға берген ән-өлеңдерімнің барлығын менен бұрын әжем жаттап алатын. Жанары солып, жазуды көрмесе де, мен оқып отырған кез-келген шығарманы есте сақтап қалатын. Ұмытқан жерімді айтып отыратын. Сол кезде мен әжеме қатты таңқалушы едім. Әжем қалайша оқымай, көрмей отырып бәрін тез жаттап алады екен? Мүмкін бала кезінде мектепте ұстазы оқытқан шығар деп те ойлайтынмын. Бәрінен бұрын күнде кеш батысымен әжем сан түрлі аңыздар мен ертегілер айтатын. Біріне бірі ұқсамайтын туындылар, құдды «Мың бір түн» ертегісі дерсің. Күн сайын соларды тыңдап, әжемнің орамалының бір бұрышын алақаныма қысып ұйқыға кететінмін. Бала кезгі тәтті естеліктерден әжем айтқан аңыздар ерекше есімде қалыпты. Жадымда қалған аңыздардың бірімен бөлісейін. Бұл әңгімесінің басын әжем: «Ысырапты Алла да сүймейді, қалқам! Мен бүгін айтатын аңызды мұқият тыңдап, болашақ өміріңе азық ет. Сен де бойжетіп, бір үйдің шамын жағарсың, сол кезде менің осы сөзімді ұмытпағайсың» деп бастаған еді.

Бұрындары, қазақтың малы төсінде өріп жүрген уақыттарда Дәулет деген бай болыпты. Атына заты сай дәулеті тасқан адам екен. Үйір-үйір жылқысы, отар-отар қойы болған деседі. Қызғалдақтай құлпырған төрт қызы бой жеткен екен. Ішкендері алдында, ішпегендері артында бақытты ғұмыр кешіп жатады. Десе де, Дәулет байды мазалайтын үлкен мұң болыпты. Ол – өзінің дәулетін мұраға қалдыратын қамшы ұстары болғанын қалайды: «Қыз – өріс, ертең теңдерін тауып, төрт қызым да кетеді. Сол кезде мына үй, мал, жағалай жатқан дәулеттің бәріне ие болар ұлым болса ғой» - деп күні-түні Алладан дұға тілейді екен. Күндердің күні болғанда дұғасы қабыл болып, дүниеге шекесі торсықтай ұл келеді. Көптен күткен ұлы той демекші, байдың қуанышында шек болмайды. Отыз күн ойын, қырық күн тойын жасайды. Ұлына азан шақырып Бақберген деп ат қояды. Жалғыз ұлын төрт қыздан бөлек көреді. Бар тәтті-дәмдіні соның аузына тосады.

Жылдар өтеді. Бақберген ер жетеді. Отбасының кенжесі болып өскен ол, мал-жанмен шаруасы жоқ. Әкесі мен анасының бергенін ішіп, әкелгенін киіп жүре береді. Төрт қызын ұзатып өрісі кеңейген бай, енді ұлын үйләндіруді ойлайды. Ел ішінде жүрген кезде өзіне

Әжемнің аңызы

келін боларлық қыз, ұлына қалыңдық іздейді. Өзі жақын танитын, тәрбиесі мен тәлімі үйлескен отбасының қызына көзі түсіп, ұлына таныстырмақшы болады. Өз дегені болмаса қоймайтын Бақберген әкесі таңдаған қызды жақтырмай, бұрыннан өзіне ұнап жүрген байдың қызы бар екендігін, сол қызды алатынын, басқасы керек еместігін кесіп айтады. Жалғыз ұлы бардың, шығар-шықпас жаны бар дегендей, ұлының айтқанын істеп әбден үйретіп алған Дәулет байдың келіспеске шарасы болмайды. Айтса айтқандай бай елмен құда болады. Барлық жөн-жоралғыларымен Нұржамал есімді қызды келін қып түсіреді. Нұржамал – қасы-көзі қиылған ару болғанымен, өз үйінде шаруаның парқын білмейтін ерке өскені бірден байқалады. Келін боп түскен күннен бастап олақтығы көрінеді. Енесі ескерту айта қалса, Бақбергенге айтып, анасы мен баласын бір-біріне қарсы қояды. Олақтығы былай тұрсын Нұржамалдың ысырапшылдығы қиынның қиыны еді. Сауылған сүттен айран ұйытып, көже жасау дегеннен мүлде бейхабар. Өзіне керегін құйып алады да, қалғанын төге салады немесе жылы жерге қойып пайдасыз ететін жаман әдеті болған екен. Палау басып, өзінше тамақ пісірген болады да, артылып қалғанын төге салады екен. Енесі «неге төктің?» - десе, «ет бар үйде, ертең тағы пісіре салармын» - деп долданып шыға келеді. Байдың үйі болған соң келетін мейман да көп, қонақтан қалған тамақты арытып-ашытып, ақырында бостан-босқа төгіп жатқанын Дәулеттің өзі де талай рет көрген. Өзі айтуға ыңғайсызданып, әйеліне айтады Тілазар келін кімнің сөзіне болмасын құлақ аспайды. Ал Бақберген болса: «Менің әйелімді сыйыстырмасаңдар менен де айырыласыңдар» - деп, әке-шешесінің бетінен алатынды шығарады. Тірнектеп жиған Дәулет байдың байлығы көз алдында ысырапшыл келіннің қолында құлдырайды. Алтын-әшекей саудаласа да, үйіне зат алса да малды сатуға әзір болып алған келіннің, қорадағы малдың санында шаруасы болмайды. Әйтеуір жаны тыныш болса болғаны. Күндердің бір күнінде Дәулет дертке ұшырап, дүниеден өтеді. Жалғыз ұлдан зейнет емес бейнет көрем деп ойлады дейсіз бе?! Ұлынан туған немерені де көре алмай кетеді. Жылдар зулап өте береді. Нұржамал Бақбергенге ұл туып береді. Онсызда алақанында аялап отырған күйеуі, енді Нұржамалды көкке көтереді. Уақыт өте бұрынғы байлықтың азайғаны біліне бастайды. Бұрынғы үлде мен бүлдеге оранған байдың отбасы енді жоқ. Бақбергеннің анасы немересін жанындай жақсы



көріп, бауырына басады. Жалғыз жұбанышы сол немересі еді. Үйдің жағдайы қиындай береді. Ішерге ас, киерге киім қалмайды. Бұрын жұмыс дегенді білмеген Бақберген отбасын асырау қажет екенін түсінеді. Не істесе де қолынан еш нәрсе келмейді. Әйелі болса не ұлының, не жарының жағдайын жасамайды. Ас та төк байлықтың бір-неше жылда қалай жоқ болғанын түсінбей басы қатады. Тіске басар нан таппай қиналған сорлы әже немересінің күйін күйттеп бір үзім нанды әрең дегенде жұрттан сұрап береді. Сөйтіп бұл отбасы қыс қаһарын төккен нағыз қиын уақытқа тап болады. Үйді жылытайын десе не отыны жоқ, ішерге асы жоқ бейбақ күйге түседі. Дәл осы кезде енді ғана тілі шығып былдырлап сөйлеп келе жатқан сәби аштан өледі. Оның қайғысына шыдамаған әжесі де көп ұзамай дүниеден өтеді. Қайғы мен қасірет, кедейлік пен аштық жайлаған шаңырақта әйел мен ердің тату-тәтті тұруы мүмкін бе? Әрі беріден соң Бақберген де басына келген барлық қасіретке әйелін жазғырып, үйінен безіп кетеді. Қаңыраған бос үйде жалғыз қалған Нұржамал үй-үйді кезіп, баласы мен күйеуін сұрап, жынданыпты деседі.

Әжем осы аңызды айтып отырып, көзіне жас алды. Көзінің жасын орамалының ұшымен сүртіп отырып:

-Көрдің бе қызым, тасыған бай-дәулеттің болса да оның қадірін білмеген жанға бақ құсы қонбайды. Ысырапшылдық – кедейлікке, ал кедейлік отбасының құлдырауына алып келеді. Бүтіндей бір отбасының өмірде кешкен тауқыметі міне осындай болды. Байлыққа мастанған пенде, ұрпағына тәрбиесін беруді ұмыт қалдырмауы керек. Қазақтың дала заңын ұмытпау қажет. Обал, сауап, ұят деген үш сөзбен тәрбиеленген ұрпақтан жаман адам шықпаса керек...-деп әжем сөзін аяқтады.

А. ПЛЕШОВА

СТУДЕНТТІК ШАҚ - өмірдің ең ғажап кезеңі

17-қараша Халықаралық Студенттер күні. Студенттердің осы мерекесіне орай студенттік жылдарым туралы жазғым келеді...

1 қыркүйек... Геофақ... 20-аудитория... Аз ғана студенттерден құралған ғылыми география мамандығына оқуға қабылданған Гео-11 тобы. Әр облыстан келіп, бір-бірімізбен танысудамыз. Аудиторияға кірген ұзын бойлы, келбетті, қара торы жас оқытушы – университеттің ішкі тәртібі мен оқу процесі жайлы мағлұматтар беріп жатыр. Ол біздің қатал да мейірімді кураторымыз – Еркін Ерденовна еді. Осылай алғашқы студенттік жылдарымыз басталды.

Махамбет Өтемісов атындағы киелі қара шаңыраққа кеше ғана келген сияқты едік. Сол кезде бітпестей болып көрінетін студенттік кездер, міне аяқталуына да аз қалды. Әрбір курстың қызығы мен шыжығы сан алуан...

Бірінші курс. Аңғал, нағыз балмұздақ «перваш» кезіміз. Қадірін білгенге ең керемет кездің бірі. Үзілістерде оқу корпустарының арасында сабаққа үлгеру үшін жүгіріп жүруші едік. «Семинар», «срс», «срс» дегендерді түсінбей, сабақ тапсыруға бата алмай жүрген кездер. Бір-бірімізбен сабақты бәсекелесіп, жарысып оқып, алғашқы сессиямызды тапсырған сәттер. «Сессиядан

сессияға дейін» деп жүріп, жоғарғы курстарға да келесің. Бұл кездерде туған күн, түрлі отырыстар көбейеді. Группаластарыңмен таныстығың нығайып, бір-біріңді жақыннан танитын кез. Екінші курс - университет қабырғасына бой үйренетін, үшінші курс – білім алудан гөрі ұйқыны жақсы көретін, 4-курс практика, диплом деген екі сөзді көп қайталай беретін, төрт жыл төрт секундтай өткендей еске түсіріп, үлкен өмірге аяқ басатын кезең. Географ студенттер үшін әрбір курстың соңында болатын алыс кешенді далалық сарамандар студенттік кезеңімізді одан әрі қызықты әрі ұмытылмастай қылады. Соның ішінде биылғы болған Щучинск-Бурабай курорттық зонасында болған алыс кешенді сараман достығымызды одан әрі нығайтып, керемет мүмкіндіктер мен оқиғалар сыйлады. Курстастарымызбен бірге солтүстік аймақтың дала зонасына нивелирлік түсірілім жасап, маршруттық бақылау жүргізіп, кереметтей күндерді өткіздік. Осындай керемет тәжірибе жинауға үлес қосқан оқу ордамызға мың алғыс!

Міне, студенттік кезіміздің соңғы жылы да келіп жетті. Бұл курсты «қимастық курсы» деп атауға да болады. Себебі, 4 жыл бірге жүрген ортадағы группаластарыңнан, оқытушылардан алыстайсың. Үлкен өмірге дайындаласың. Жалпы, студенттік кезенді ұмытылмастай қызықты өткіздіру – ол әркімнің өз қолында. Өміріміздің ең ғажап кезеңі - БҚМУ қабырғасында өткеніне қуанамыз.

Біздер, бітіруші географ түлектер, БҚМУ-дағы студенттік кездерімізді сағына еске алатын боламыз!

Жазира САЛАМАТОВА,
Ғылыми география
мамандығының 4-курс студенті

СТУДЕНТТІК шақтарға толғаныс...

Өмірдегі ең ғажап сәттердің бірі, «Студенттік өмір!»... бірінші курс «балмұздақ» атанып, үлкен оқу орнын қызық көріп, жан-жаққа жалтақтап жүретін кезең. Жаңа ортамен араласып, жаңа достар тауып, жаңа мұғалімдермен танысу. Дәліз бойында кабинеттерден шөтелескен кезде «перваштар» деген сөзді қоржыныңа салатын кезең. Топтағылармен қаланың ең ең деген даламын жерлерін көріп, театрға барып, мұражайлардың мұраларына қанығып мәз болып қаласың. Әрине студенттің бәрі бірдей емес. Әй дейтін – әже, қой дейтін – жоқа жоқтығын пайдаланып, түнгі клубтың төрін бермей, студент болған осы екен ғой дейтіндер де бар. Ал, екінші біреулері күш-қайратын білімге жұмсайтын, мақсаттары айқын, талабы таудай студенттер. Осындай студенттерге қарап, қызығып, мәз боласың! Қызығы мен шыжығы қатар жүретін бұл кезең талай жастардың өмірін айқындайды. Біреулер үшін бұл кезең қызық болмауы да мүмкін. Ал екінші біреулері үшін мәңгілік естен кетпейтін шақтар болып қалады. Студенттер жалпы сан түрлі болып келеді... Біреулері күні-түні кітаптан көзін алмай, білім аламын, оқимын дейді... Екінші біреулері белсенді қоғамдық өмірге араласып, талантын көрсету арқылы тәжірибе жинақтайды... Үшінші біреулері үшін кеуей де қызық емес, яғни ең бастысы сабаққа қатысып, асхананың табалдырығын тоздырып кету. Жалпы, қай типтегі студент болу, әркімнің өзіне байланысты. Осылай жүрген кезде төрт айдың ішінде, көзді ашып-жұмамын дегенше, алғашқы сессия да келіп жетеді. Әрине бұл кез ең қорқынышты кезең. Денең тітіркеніп, бойыңды үрей билеп алады. Сессияны аман – есен тапсырып, ауылыңа екі аптаға демалысқа барасың. Осылайша студенттік өмір төрт жыл бойы жалғасатын болады. Бұл кезеңде өмірдің ащысын да, тәттісін де, аштық пен тоқтықты да көресің! Сондықтан мақсаты айқын, саналы білім алған, алар асуы үлкен студенттеріміз ғана сапалы маман месі болып, еліміздің өркендеуіне үлес қосады. «Армандар орындалады, мақсатың айқын болса!»

Шалқыма КАБДОЛЛАЕВА
Тарих экономика және құқық факультеті,
Құқықтану мамандығы, 2 курс





Мәдениет және өнер

Культура и искусство
Culture and art

Адам мақсатына өзін-өзі жетілдіру арқылы жетеді.

Шүжәір әл-Фараби

Весь мир театр, а люди в нем актеры.

Уильям Шекспир

№7, желтоқсан, 2018 жыл

Уыз

Мәдениет пен өнердің алтын діңгегі

Университет – баладан дана тәрбиелейтін орын. Ұлттық университет – сол ұлттың есеуі, парасат әлеміндегі паспорты. Университет – адам зердесінде ұшқын атып, жалын шашып, мәңгілік маздап тұрған Прометей оты. Жер бетінде университет секілді қастерлі орын сирек. Университет – ғылым ордасы, өнер ордасы, ақыл, ар ордасы. Біздіңше, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті – тап осы үлгідегі білім ордасы. Демек, университетіміз – ұлағатты ұстаздар ұстаханасы. Университетіміз – өрелі өнегеліліктің, ескеңе өнерліліктің тұнбасы. Университетіміз – танымы тереңге бойлаған, тағылымы балғын жасты ойлантпай қоймаған, гибраты шексіз киелі білім ордасы. Қасиетті білім ошағы ғалым-ұстаздарының ғылыми табысы – ұлттық құндылық қазынасы. Ендеше ел тұтқасы Елбасының ел еңсесін еселеп арттырар ұлы жобаларына университет түлектері төлегей-теңіз үлес қосқай! Өріптестеріміздің бәсекеге қабілетті көптілі тұлға баулудағы олжалары мол болғай! Университет студенттері білім көгінде қалқып, арман биігінде шалқып, келешекке нық сеніммен аттағай! Университет түлектері өз жерін, елін, Альма-матерін құлай сүйер шынайы нағыз патриот тұлғалар болғай!

Бізге мәлімі – өркендеудің бірден-бір жолы білім ғана. Осы қағиданы ұстанған Махамбет атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетіне – 86 жыл. Осы тұста айтсақ, педагогикалық шығармашылық бағытта мамандар дайындайтын осы ұстаханадан қаншама ұрпақ еліміздің әр түкпіріне жолдама ала білді десеңізші! Бүгінде университетіміз елімізге педагогикалық шығармашылық бағыттағы кадрларын даярлауда, жалпы ағарту ісінде өзіндік үлкен үлесін қосып келе жатқан ұлағатты алтын ұяға айналуда. Ал мәдениет және өнер факультетінің 40 жылдық тарихы өткен мен бүгінгі уақытты жалғаған және оны болашақпен байланыстыратын алтын көпір іспетті. Бұл мерзім тарих үшін де, заман, адам үшін де мазмұны мен мағынасы сандаған жылдарға татырлық бағасымен қымбат. Уақытпен бірге шыңдалған факультет ұжымы маңызды әлеуметтік міндетті орындап, жастарға іргелі ғылыми білім мен кәсіби-шығармашылық мамандық беруде, олардың дүниеге көзқарастарын қалыптастыруда, нәтижеде елдің экономикасы мен мәдениетінің дамуына шешуші ықпал ете алатын жоғары білікті мамандар даярлайтын орнықты білім бөліміне айналды және қоғамның жаңа интеллектуалдық әлеуетін толықтыруда. Айтулы 40 жыл ішінде факультет талай асулардан, күрделі кезеңдер мен қиын-қыстау жолдардан өтіп, жүздеген жастар уақыт тағылымымен сусындап, армандарын асқақтатып, қияға қанат қақты. Оқу бөлімін аяқтаған түлектер арасынан есімдері елге өйгілі көптеген білім-ғылым және қоғам қайраткерлері шықты. Олар еліміздің түкпір-түкпірінде тәуелсіз Қазақстанның гүлденіп көркеюіне бүгінгі күндерде өз үлестерін қосуда. Демек, 40 жылдық мерейтойды атап өту факультетіміздің өткен жолын тануға, тарихынан тағылым алып, болашақ үшін тың мақсаттар белгілеуге септігін тигізетін өнегелі іс-шара деп білеміз. Бүгінгі таңда мәдениет және өнер факультеті ұжымы өркениетті елдер үдерісінде жас ұрпаққа әлемдік ғылым мен прогресс деңгейіне сәйкес білім беру мен тәрбиелеуді жүзеге асырып, олардың рухани байлығы мен мәдениетін, еркін ойлау қабілетін, шығармашылық кәсіби біліктілігі мен іскерлігін дамыту мүддесіне қызмет етуде. Жарқын болашаққа көш түзеген тәуелсіз Қазақстанның ескеңе ұрпағын тәрбиелеп, педагогикалық-шығармашылық тұрғыдағы білім мен ғылымды одан әрі жетілдіруде факультет ұжымы алдыңғы қатарлы іс-тәжірибелермен сусындап, өз тарихын қадірлей отырып, оны ұрпақтан-ұрпаққа жалғастыру үстінде.

Ең алдымен, мәдениет пен өнер факультеті – университетіміздің мәдениеті мен өнерінің алтын діңгегі іспетті бірегей бөлім. Бүгінде мәдениет және өнер факультеті – Батыс Қазақстан облысының мәдени-шығармашылық, көркемдік және музыкалық білім беру ісінің аса ірі орталықтарының бірі. Факультет өз бастауын 1978 жылдан алады. Осы жылы педагогикалық институт құрамында көркем сурет және графика факультеті ашылған. Ал 1991 жылы маусым айында Әбунәсір әл-Фараби атындағы Шымкент педагогикалық мәдени институтының филиалы ретінде Орал қаласында өнер институты ашылса, 1992 жылы маусым айының 22-сінде Қазақстан Республикасы Министрлер кабинетінің №624 өкімі

бойынша Орал қаласында Батыс Қазақстан мәдениет институтын ашуға шешім қабылданып, 1993 жылы сәуір айында ҚР Министрлер кабинетінің №573 өкімі бойынша институтқа қазақ халқының атақты күйшісі Дәулеткерей есімі беріледі. Ал 2000 жылы ақпан айында Дәулеткерей атындағы өнер институты Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің құрамына кіреді. Бүгінде факультетте дәстүрлі көркем және музыкалық білім беру, би өнері Құрманғазының, Сейтектің, Дәулеткерейдің, Мұхиттың, Шараның және тағы да басқа халық композиторлары мен күйшілерінің шығармашылық педагогикалық мектептері негізінде берік қалыптасқан.

Бүгінгі таңда факультеттің контингенті 788 студентті құрайды. Профессор-оқытушылар құрамы 105 адамнан тұрады. Факультеттің кадрлық құрамы жоғары білікті ғалымдар мен мамандармен (педагогика ғылымдарының докторлары, профессор, академиктер М.Е.Ержанов, А.С.Қыдыршаев; өнертану, философия, педагогика, техника ғылымдарының кандидаттары Қ.Д.Айтқалиева, О.А.Бабенко, С.М.Погодин, А.Т.Ерғалиева, Г.Г.Гурьева, И.Ө.Өтегенов, Н.С.Тілеуханов, Ж.С.Қайыңбаева, О.И.Ворожейкина), Қазақстан Республикасының еңбегі сіңген әртістері Жұмағаным Рахимова, Қанатқали Қожақов, Сәуле Таудаева, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері, «Дарын» мемлекеттік сыйлығының лауреаты Әсел Мамбетова, Қазақстан Суретшілер одағының мүшелері, Қазақстан Еуразиялық Дизайнерлер одағының мүшелері Қуандық Мәдіров, Төлепберген Сарманбеков, ҚР Композиторлар одағының мүшелері мен қауымдастырылған профессорлар, «Құрмет» орденінің иегері Еркін Нұрымбетов, Қырымгерей Қажымов, Максим Поповтар және халықаралық, республикалық конкурстардың лауреаттарымен, дипломанттарымен қамтамасыз етілген.

Факультеттің құрамында төрт кафедра жұмыс істейді. Кафедраларды белді де беделді ғалым мамандар басқарады. Олар – «Музыкалық білім және вокалдық өнер» (кафедра меңгерушісі, п.ғ.к., доцент О.А.Бабенко), «Дәстүрлі музыкалық және орындаушылық өнер» (аға оқытушы А.Ә.Құсайынов), «Хореография және мәдени тынығу жұмысы» (өнертану кандидаты, доцент Қ.Д.Айтқалиева), «Бейнелеу өнері және дизайн» (п.ғ.к., аға оқытушы Ж.С.Қайыңбаева) кафедралары. Олар басқаратын кафедралар ғылыми әлеуетті қалыптастыруға, жоғары дәрежелі мамандар даярлауда үлкен жұмыстар атқаруда. Университетіміздің одан әрі тереңірек құлашын жая дамуына белсенді араласады. Өрбір кафедра ұжымының тыныс-тіршілігі турасында сөз қозғау, тарата айту – өз алдына бір төбе.

Факультетімізде жоғарыда аталғандардан басқа елімізге, аймаққа, туған топырағымызға кеңінен танымал, сандаған маман баулып өсірген тәжірибелі Г.Ө. Бекеева, Л.Қ.Өмірзақова, М.М.Попов, Р.С.Әбуова, Ә.Е.Кенжетәева, Т.Ө.Хамзин, А.Қ.Базарбаева, О.В.Ворфоломеева, Н.С.Санбаева, К.Л.Қисметов, Р.Ж.Қуанышәлиева, Г.Б.Әлімбаева, В.Н.Лягавина, С.Ж.Табылдиева, Қ.Ф.Нұрмұханов, Ж.І.Нұрымбетова, Т.Е.Әлімбекерова, И.И.Ысқақова, М.И.Сұлтанова, С.Ө.Төлегенова, Ш.Е.Катчкова, Н.Ж.Бисакаева, Ф.Х.Қапақов, Г.В.Жулягина, т.б. сынды ғалым-әдіскер өріптестеріміз көптеп саналады.

Сондай-ақ аға буын артынан ілесе келе жатқан факультеттің ертеңі болар лайықты ізбасар жас ғалым-педагогтар қалыптасуда. Бұл ретте А.Б.Әбдешов, Г.Е.Өтегенова, К.С.Көптілеуова, М.Қ.Сүлейменов, Б.Ө.Молдашев, А.Т.Испанова, А.Л.Шүкеев, М.С.Егина, А.Е.Қазиев, Е.А.Ғұбайдуллин, Ж.Т.Мұқанбетова, А.С.Серікқали, Н.Л.Қисметова, А.Ж.Дүйсенбаева, Н.А.Хабдашев, А.Б.Жардемова, А.Ж.Кенжеғалиева, А.В.Юрченко, Э.С.Ахатова, Т.М.Амрееваларды атау артық емес. Бұлар – Қазақстандағы және алыс, жақын шет елдердегі көрмелерге, концерттерге, фестивальдерге, байқауларға, жарыстарға белсене қатысып, жүлделі орындарды алып жүрген ұстаздар.

Факультеттің бакалавр бөлімінде 11 мамандық бойынша («Музыкалық білім», «Бейнелеу өнері және сызу», «Аспаптық орындаушылық», «Вокалдық өнер», «Дәстүрлі музыкалық өнер», «Режиссура», «Хореография», «Сәндік өнер»,

«Дизайн», «Мәдени-тынығу жұмысы», «Кітапхана ісі»), магистратура бөлімінде 3 мамандық бойынша («Музыкалық білім», «Дизайн», «Мәдени-тынығу жұмысы») мамандар даярланады. Бүгінгі таңда факультеттің оқытушылары мен студенттері халықаралық және республикалық деңгейдегі конкурстар мен фестивальдарға белсене қатысып келеді. Нәтижеде соңғы жылдарда олар Астана, Алматы, Мәскеу, Самара, Орынбор, Саратов және т.б. қалаларда ұйымдастырылған конкурстардың дипломаттары мен лауреаттары атануда.

Сондай-ақ студенттеріміз әр жылдарда көптеген ғылыми-тәжірибелік конференцияларға, шығармашылық жұмыстар мен түрлі конкурстарға, олимпиадаларға қатысып жүлделі орындар иеленуде, дипломдармен марапатталуда. Біз үздік оқуымен, өнегелі тәрбиесімен, таңғажайып өнерімен көрініп жүрген студенттерімізді ризашылықпен атаймыз. Олардың қатарынан Нұрсұлтан Садықов, Гауһаргүл Жексенова, Құрманай Заур, Әсем Шеркешбаева (ҚДР-31-топ), Назгүл Пахманова (ВИ-41), Бисенбек Мәжит, Әбілхайыр Еслямғалиев, Мақсат Тұяқ, Өркен Ахмет, Гүлсая Жетпісбай, Бек Мереңов (ҚДР-41), Айжан Нағымова (ТМИ-41), Инжу Мұхтар (МОБ-41), Ольга Учкина (ИИ-32), Мадина Бітімова, Назерке Таханова (ВИ-31), Гүлзінат Қибацова (БД-21), Бекайым Аубакирова (ҚДР-22), Құралай Жанақова, Айзада Жетісова, Эльмира Бақытқызы, Бекзат Ерсайынов, Айбек Салимов, Алтынбек Биғалиев (ҚДР-21), Әлихан Тілеш (ИИЧ-21), Камилла Халелова, Мөлдір Хамитова, Ару Жәдігерова (Хг-21), Айкөркем Асқарова, Биболат Ғайнолла, Нұрболат Бимағамбетов (Реж-21), Сымбат Сисенбаева (ТМИ-21), Гүлбаянсұлу Бақытжанова, Саида Ақбалиева (МОБ-21), Нұрсұлтан Сақтай (ВИ-21), Қадыржан Қаспихов (МОБ-21), Анара Қаналиева (ҚДР-12), Аманғали Қажекен, Гүлсезім Төлегенова, Ботагөз Хасимова, Хадиша Әбуова, Загира Жұмағалиева, Есей Ибрайқұлов, Әсел Оразғалиева, Аида Қожбанова, Махаббат Абат, Аида Мағазова, Ақкенже Дарханова, Альфия Өтебаева, Ойлы Өтежанова, Ернар Қабиев (ҚДР-11), Мадина Нұрсейілова (ВИ-11), Дияр Демеу (ТМИ/у-13), Зарема Мұхит (МОБ-11), т.б. атаймыз. Қуанарлығы сол, үлгілі де озат, факультет мақтаншы болар студент шәкірттеріміздің тізімін соза беруімізге болады. Әрине, еліміз бойынша жоғары имиджге ие болып отырған университетіміздің мәдениет және өнер факультетінде даярланар мамандықтардың қыр-сыры жөнінде айта беруге болар. Біздің мақсатымыз ол емес. Мақсатымыз – факультет өмірін, онда дәріс оқитын мамандарды жер көкке сыйғызбай мақтау емес, ұжым тірлігінен бірер мәліметтерді тарата отырып, ұстаз-ғалымдарымызбен, бірегей студенттерімізбен, игі істерімізбен мақтану.

Факультет ұжымының басты бағыттарының бірі – оқытушылар мен студенттердің шығармашылық жұмыстары. Сондықтан олар қалалық, облыстық, аймақтық, республикалық, халықаралық дәрежеде өтетін көрме-конкурстар мен фестивальдерге тұрақты қатысып, өздерінің дербес көрмелерін де өткізеді. Қазіргі таңда факультетте «Хореография» мамандығының студенттерінен құралған «Арна» халықтық би ансамблі (Жетекшісі – доцент Қ.Д.Айтқалиева), халық аспаптар оркестрі (Жетекшілері – Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген қайраткері, профессор М.Е.Ержанов, «Құрмет» орденінің иегері Е.Ш.Нұрымбетов); «Мұрагер» жастар студенттік театры (Жетекшісі – магистр, аға оқытушы И.И.Ысқақова); «Сырлы парақ» әдеби үйірмесі (Жетекшісі – аға оқытушы С.М.Сатағалиева); студенттік хор (Жетекшісі – аға оқытушы Л.Қ.Өмірзақова); «Қорған» вокалдық тобы (Жетекшісі – магистр, аға оқытушы Қ.Л.Қисметов), «Кәусар» вокалдық тобы (Жетекшісі – магистр-оқытушы Г.Е.Өтегенова) белсенді жұмыс жасайды.

Факультет арнайы қыш өнімдерін жасайтын, ағаш, металл, мүсін, гобелен, музыкалық аспаптар, хор, би залдары сияқты шеберханалармен толық жабдықталған. Факультет түлектері өздері алып шыққан мамандықтары бойынша жылда жұмыс орындарына орналасу жағы жақсы жолға қойылған. Олар түрлі орта білім беру орындарына (мектепке дейінгі білім беру, орта, жоғары), колледждерге, жарнама және дизайн компанияларында, өлкетану мұражайларында еңбек етуде. Мәдени, өнер орталықтары мен Қазақстанның Дизайнерлер, Суретшілер одақтарына сұраныс жоғары. Түлектердің біразы магистратура мен аспирантураға түсіп ғылыми еңбектерімен айналысуда.

Қысқасы, білім, мәдениет және өнер саласын ұлағатты ұяға айналдырып жүрген факультетіміздің профессор-оқытушылар қауымының бүгінгі білім бәсекесіндегі алар асуларының биік болатындығына күмән жоқ. Олардың ел игілігіне еңбек етіп, жас ұрпақтың бойына ұлттық рух пен дәстүрді, өркениетті әлем дамуының озық сипаттарын сіңірудегі 40 жылдық уақыттан бері жалғасып келе жатқан үздік дағдыларынан танбайтындығына көміл сенімдіміз. Ендеше, аға ұрпақтан алып қалған асыл мұра – білім, мәдениет және өнер отын өшірмей сақтап, бүгінгі жастар жүрегіне жаға білген, еліміздің жоғары білім жүйесінде лайықты орны бар, қадірі артық ұжым факультетіміздің 40 жылдық тарихы – өзгеше өрнектелген өнегелі тағылым, өсер ұрпақ, келер заманға дәстүрлі сабақ. Демек, факультетіміздің 40 жыл бойы қалыптасқан ғылыми-педагогикалық дәстүрі оның ертеңі үшін де маңызды. «Өткенін білмеген – өткелден өте алмайды» демекші, факультеттің 40 жылдағы қысқаша тарихы – қазіргі кемелдену шағы, факультеттің танымы жоғары сара жолы.

Абат ҚЫДЫРШАЕВ,
мәдениет және өнер
факультетінің деканы, п.ғ.д., профессор

«Мәдениет және өнер» («Культура искусства» – «Culture and art») жаршысының жауапты редакторы – Гүлсезім Төлегенова, ҚДР-11-топ студенті. Кеңесшісі – А.С.Қыдыршаев, Қазақстан Республикасы Журналистер одағының мүшесі



Баубек Бұлқашов атындағы жас журналистер клубының жаршысы

2016 жылы қаңтардың 30-ынан бастап шығады - Издаётся с 30 января 2016 года

Газет - халықтың көзі, құлағы һәм тілі.
А. Байтұрсынұв

Журналист (Journalist)



№3 (22), желтоқсан, 2018 жыл

Қаламұш

Ақ кимешек көрінсе

Эссе



Өлемдегі ең мейірімді, ақ ниетті абзал жанның бірі - ақ әже. Немересін ақ бесікке бөлеп, «Бесік жырымен» әлдилеген ізгі жандардың өмірдегі орны қашан да бөлек.

Осы ардақты әжелер жайлы талай қаламгер сыр шертті. Сондай бір туынды - М.Мақатаевтың «Ақ кимешек көрінсе» өлеңі. Өлеңді оқи отырып, көз алдыма жүзінен жылулық лебі ескен, көзінен мейірімділік шуағын төккен, басына ақ кимешек киген қарт ана елестеді. Сол Мұқағали әжесінің бейнесі бүгінгі әжелер бойынан табыла ма деген ой мені толғандырады. Осы сауалға өзімше үнемі жауап іздеймін.

Алғашқы ойымды әже мен немере арасындағы үзілмес сөзімнен бастағым келеді. Ол қандай құдіретті сөзім десеңші! Бұған дәлел ретінде: «Әже, сен бірге жүрсің меніменен, Өліге мен өзіңді телімегем,» - деген ақын сөзін алғым келіп отыр. Бұл сөзден әжесінен айырылса да, немеренің сарқылмас сағынышы мен махаббаты сезіледі. Әжесінің бұл дүниеде жоқ екендігін білсе де, оны өлді деуге жүрегі қимайды. Иә, әркімге де әже қымбат. Мен де әжемді жанымдай жақсы көремін. Кішкентай кезімде әжемнің ертегісін естімей жастыққа басым тимеуші еді.

Ешкімге айтпаған сырымды соған айтамын, жұбанышты содан табамын. Міне, әже мен немере арасындағы үзілмес сезім деп осыны айтар едім. Өз әжем мен өзге әженің ұқсастықтарын іздей келе, өлемдегі әжелердің бәрі бір-біріне ұқсас па деп те қаламын. Яғни, әже тәрбиесін көріп өскен ұрпақтың ұлттың берік тірегі болары анық деп нық айта аламын. Осы пікірімді батыр бабамыз Бауыржан Момышұлының «немерелеріне ертегі айтып бере алмайтын әжелердің көбейіп бара жатқанынан қорқамын» деген сөзімен өрбіткім келеді. Өйткені бесік жырын естіп, ертегі тыңдап, дәстүрді бойына сіңіріп өспеген баланың көкірек көзі көр болатыны сөзсіз. «Бес саусақ бірдей емес» дегендей, ұрпақ тәрбиесіне көп көңіл бөлмейтін әжелеріміз де арамызда бар. Қазіргі кезде кейбіреулер ата-баба бесігін электронды бесікпен алмастыруды ұсынып жүр. Әженің бесік жырын естімей өскен баладан ертеңгі күні ұлтжанды азамат шығуы неғайбыл. Меніңше, бұл - ұлттық тәрбиеге балта шапқандықтың белгісі.

Өкінішке орай, қоғамда кейде олар жайлы кереғар пікірлер де ара-тұра кездесіп қалады. Бұрынғы заман мен қазіргі заман әжелерінің арасында алшақтық бар дейді. Сонда қандай алшақтықты сөз етіп отыр? Заман қалай құбылса да, әже мен немере арасындағы ұлы сезім өз мәнін ешқашан жоғалтпайды емес пе? Ол уәж- жауапкершіліктен қашқан, өз құлқынын ғана

Музей

Знакомство с историей родного края

9 ноября мы, студенты группы КДР-11, вместе с преподавателями русского языка Турегалиевой С.Г. и Рахметовой К.Г. посетили Дом-музей Емельяна Пугачева. Для нас это было неожиданно. Многие из нас приехали из других областей и не были знакомы с историей Приуралья. Мы многое узнали не только о человеке, который оставил свой след в истории, но и наглядно увидели предметы старины.



По мнению наших преподавателей, нам необходимо знать культуру народа, чей язык мы изучаем. Мы буквально окунулись в быт людей конца 19 - начало 20 веков. Знакомство наше началось со двора: лодки, сети казаков-рыболовов, деревянная избушка, покрытая соломой, камышом, засушенные овощи, колодец-журавль, сани - все это помогает нам, молодому поколению представить жизнь яицких казаков. В музее нам рассказали историю становления яицкого городка, начиная с 1613 года, показали предметы старины, кухонную утварь, печь. Нас до глубины души тронула трагическая судьба юной дочери кузнеца - Устины. Только за то, что Пугачев женился на ней, ей пришлось всю жизнь провести в заточении.

Экскурсовод рассказала об интересных фактах. Например, о картине неизвестного художника, на котором за изображением бунтаря Пугачева можно увидеть глаза императрицы Екатерины II. Местный художник не побоялся на изображении царицы запечатлеть народного любимца. А самое главное - мы открыли для себя новую страницу своего края! А сколько еще нам нового и интересного предстоит узнать за эти годы учебы. Благодарим своих преподавателей и желаем им здоровья! Надеемся, их занятия и дальше будут такими же увлекательными и познавательными.

Халид АРСТАНГАЛИЕВ,
студент гр. КДР-11
(Спец. «Культурно-досуговая работа»)

Журналист («Journalist») жаршысының жауапты редакторы - Аманғали Қажекен (КДР-11-топ студенті), тілшілері - Диана Сембаева, ҚТОМҚТӘ-41-топ, Аида Мағазова, Ойлы Өтежанова, Халид Арыстанғалиев, КДР-11-топ («Мәдени-тынығу жұмысы» мамандығы). Кеңесшісі - А.С.Қыдыршаев, Қазақстан Республикасы Журналистер одағының мүшесі

Өзіңе сен!

Мен әлі жұлдыз боп жарқ етемін...



Халқымыз өмірді ағып жатқан өзенге теңейді. Өмір өзен тәрізді тоқтаусыз өтіп жатады. Сол өзен секілді кейбір жандар кейін өз қалауын тауып жатса, енді біреулері бастарын тасқа да, тауға да соғып, өз жолын таба алмай жатады. Қуанарлығы сол, мен өз арнамды тапқандаймын. Ол - өз табиғатыма сай жүрегім қалаған мамандықты табуым. Осы мамандықты таңдағаным еш өкіңбеймін.

«Ісім оңсын десеңіз, сол істің маманы болыңыз», - деп әл-Фараби бабамыз айтқандай, мен де амандық болса, өз мамандығымның білгірі болармын! Үздік ұйымдастырушылық, бишілік, әншілік-құдайға шүкір, өз бойымнан табылатын қасиеттер. Бұл-менің кішкентай кезімнен армандап, аңсап күткен мамандығым. Олай болса, мамандығым-мақтанышым. Ендігі алға қойған мақсатым-оқудың қыры мен сырын жете меңгеру, биік шыңға шығу. Құрбым, көр де тұр, мен әлі жұлдыз боп жарқ етемін, бәріңе ант етемін!

Ойлы ӨТЕЖАНОВА,
КДР-11-топ («Мәдени-тынығу жұмысы» мамандығы)

ойлағандардікі. Бір сәт ойланып көрейікші! Бұрын қарттар үйі деген болушы ма еді? Айтуға ауыр тіркестердің бірі. Сол қарттар үйінде көздері жауаңдап, ұл-қызын сағынышпен күткен қарияларды көргенде, өзіңді қоярға жер таппайсың. Безбүйрек, қатыгез адамдар қайдан шығады екен. Олардың орны бұл жер емес қой. Кешегі күні баласы үшін шыр-пыр болып, жар құлағы жастыққа тимей жанталасқан қариялардың орны төр емес пе? Көпке топырақ шашпайын, дегенмен ата-ана қадіріне жете алмаған қатыгездерге өкімет тарапынан бір шара қолдану керек те шығар, бәлкім!

Қадірлі замандастар заман өзгеріп, қарыштап дамысақ та ұлттық бейнемізді жоғалтып алмайық, құндылығымызға адал болайық! Түйгені көп қарияларымыз асыл қазына екеніне күмән келтірмейік! Әженің әлдііне қаныққан ұрпағымыздың өрісі кеңейе берсін!

Диана СЕМБАЕВА,
ҚТОМҚТӘ-41-топ

М.Өтемісов атындағы БҚМУ-да Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні мерекесіне орай дәстүрлі түрде «БҚМУ жұлдызы-2018» премиясы өтті.

«БҚМУ ЖҰЛДЫЗЫ-2018»

Байқаудың негізгі мақсаты: университет көлемінде жастар саясатының дамуына, қоғам өміріне белсене араласып, зор үлес қосқан көшбасшыларды, әр салада өз ісінің белсенділерін анықтау және марапаттау; дарынды жастарға қолдау көрсету; жастарды отансүйгіштікке, еңбекқорлыққа тәрбиелеу; жастардың

елдің қоғамдық - саяси, мәдени, экономикалық өміріне деген белсенділігін арттыру; облыстық, республикалық байқауларға, конкурстарға қатыстыру болып табылады. Байқауға студенттер 6 аталым бойынша сынға түсті. Арнайы құрылған комиссияның отырысы бойынша: «**Үздік жас көшбасшы**» Лукпанова Айгерим;

«**Үздік студент**» Кемешова Айша; «**Үздік жас ғалым**» Идеятова Орынгүл; «**Үздік спортшы**» Умиталив Токтар; «**Үздік пікірсайысшы**» Жалмұқан Ерсұлтан; «**Жас талант**» Орынғалиев Мейрамбек жеңіп алды.

Сонымен қатар университетіміздің дамуына, профессор – оқытушылар

Құттықтау!

Құрметті Садыр Мұдатұлы!

Сіз, С.М.Киров атындағы Қазақ Мемлекеттік университетін Зоология (ихтиология) мамандығын бітіріп келгеннен кейін 1970 жылдан А.С.Пушкин атындағы Орал педагогикалық институты, қазіргі М.Өтемісов атындағы БҚМУ-де 40 жылдан астам ұстаздық қызмет атқардыңыз. Өз еңбек жолыңызда ұжымның және шәкірттеріңіздің құрметіне бөлендіңіз. Педагог мамандар дайындауда сіңірген еңбегіңіз жоғары бағаланып, университеттің мақтау грамоталарымен, ҚР Білім және Ғылым министрлігінің «Құрмет грамотасымен», «Еңбек ардагері», «Қазақстан оқу ісі үздігі», «Ыбырай Алтынсарин» төс белгісімен марапатталдыңыз.


Қадірменді ардагер-ұстаз Садыр Мұдатұлы, сізді мерейлі жасыңызбен шын жүректен құттықтай отырып, сізге және шаңырағыңызға шаттық, баянды бақыт, зор денсаулық тілей отырып, өмірдің барлық қуанышын қызықтап, Алланың берген жасын жасап, несібе-дәулеттеріңіздің арта беруіне ақ тілегімізді білдіреміз!

Ізгі тілек білдірушілер:
биология және экология
кафедрасының оқытушылары
және шәкірттеріңіз



ұжымына көрсетіп жүрген зор көмегі мен оқу, ғылым, тәрбие жұмыстары бойынша өтетін мерекелік шараларды ұйымдастыруда өз үлестерін қосып, қалалық, облыстық, республикалық, халықаралық шараларда жоғары деңгейде көрініп жүрген студенттер университет ректоры атынан құрмет грамотасы, алғыс хаттар және арнайы сыйлықтармен марапатталды.

Сахна майталмандары тәрбиеленуде



19-21 қараша күндері университетімізде мәдениет және өнер факультетінің бірінші курс студенттерінің ұйымдастыруымен «Talent Flow –2018» жобасы өтті.

Жобаның мақсаты – студенттерді достыққа тәрбиелеу, жастардың бойындағы шығармашылық қабілетін ояту. Дәстүрлі түрде өтетін аталмыш жоба биыл VIII мәрте оздырылды. Үш күнге созылған концерттік бағдарлама көрермендерді таңғалдырмай қоймады. Талантты жастардың өнеріне қазылық ету жастар ісі жөніндегі әдіскер Абылай Қонысбаев пен мәдениет және өнер факультетінің 2019 жылғы түлектеріне бұйырды.

Жобаның алғашқы күнін алтын ғасырдың қайталанбас сәттерімен әсемдеген «GOLDEN AGE» тобы ашты. Үздік сценарийлерімен көзге түскен бұл топтың бастамасы көңіл қуантты. «Ерекше жанр» номинациясын осы топ құрамындағы Айбар Талапов иеленсе, жалынды жырын университетіне арнаған Назерке Сауырбаева жобаның «Жас ақыны» атанды. Сонымен қатар әлеуметтік желідегі дауыс беру

қорытындысына сай «Үздік афиша» номинациясына да алтын ғасырлықтар қол жеткізді.

Байқаудың екінші күнін көрермен таңғажайып Париж қаласында қарсы алды. Екінші топтың «La Passion» атты шоу концертті көрермен көңілінен біраз уақытқа алыстамады. Сахнаны үздік безендіруімен («Үздік сахналық безендіру» – Азамат Аронұлы) көзге түскен топтың әр мүшесі өз таланттарының шамын аталмыш жобадан жаға білді. «Менің университетім – менің мақтанышым» тақырыбындағы «Үздік мақала» бағамын Гүлназ Патчагулова жеңіп алды. Қоңыр дауысымен жүректерге бойлап, туған жеріне рахметін арнаған Асылжан Тілекқабылов «Патриоттық ән» номинациясының үздігі атанды. Астарлы әзіл мен қағытпа қалжыңдарынан көрерменге жақсы көңіл-күй сыйлай білген «Осы сәт» жайдарман тобы да үздіктер қатарынан көрінді. Айта кетелік, үш топты жайдарман ойынына дайындап, қолдау көрсеткен мәдени-тынығу жұмысы мамандығының 2 курс студенті Алтынбек Биғалиев «Үздік тәлімгер» атанды.

Үшінші күн «Qial» тобымен жетпес қиял сапарына талпынып көрдік. Сан өнерді бойға тоғыстырған жас таланттар көрерменге жоғары деңгейдегі шоу ұсынды. «Тұмар»тобы «Аспаптық орындаушылық» бағамы бойынша жоғары бағаланса, «Заманауи ән» аталымын Аружан Исмагулова қанжығаға байлады. Өртістік шеберлікті тамаша меңгерген студенттер «Театрландырылған көрініс» аталымында

«Махаббат пен достық» атты көрініс ұсынып, үздік деп танылды. Хореография жанрының қос аталымын қиялдықтар қарсыластарына оңай бере салмады. Жобаның «Үздік көркем сөз» номинациясы бабы мен бағы келіскен Мираc Қобланға табысталды. Дизайнерлердің таңғаларлық топтамалары да үздіктер қатарын жалғады.

Жобаның үздік жүргізушілері болып Есей Ибрайкулов пен Эльнара Кереева марапатталды. Үш күн бойы «Көрермен көзайымына» айналған Раушан Дәуітова, Абзал Сайлауов, Нүркен Карипулов сынды өнерлі өрендер дәл осы аталым иегерлері атанды. Аталмыш жобаның бұл жылғы жас таланты –режиссура мамандығының студенті Мираc Қоблан. Өнерлі жастарға қанат бітіріп, таланттылар мен талаптыларға ерекше мүмкіндік сыйлай білген «Талант» жобасының бұл маусымы осындай нәтижемен аяқталды. Бір шаңырақ астында, бір үйдің баласындай жұмыла іс бітіру біздің факультеттің жастары үшін қиындық келтірмейтін тағы бір мәрте дәлелдеді. Кеш соңында факультет деканы А.С.Қыдыршаев сөз сөйлеп, әділқазылар мен үздік тәлімгерлерге естелік сыйлықтар табыс етті. «Ұстазы талантты болса, шәкірті талапты болады» дейді халық даналығында. Әсерлі кеш соңында аңғарғанымыз біздің факультетімізде нағыз сахна майталмандары тәрбиеленіп жатқандығы көңіл қуантты.

Гүлзінат ИБРАГИМҚЫЗЫ,
Мәдениет және өнер факультеті

ҚОЛЖАЗБАЛАР АВТОРЛАРЫНА КЕРІ ҚАЙТАРЫЛМАЙДЫ. ДЕРЕКТЕРДІҢ ДӘЛДІГІ ҮШІН АВТОР ЖАУАПТЫ. ЖАРИЯЛАНЫМ АВТОРЛАРЫНЫҢ ПІКІРЛЕРІ РЕДАКЦИЯ КӨЗҚАРАСЫН БІЛДІРМЕЙДІ.

МЕНШІК ИЕСІ:

Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті.
Газет айына бір рет шығады.

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде 14.06.1995ж. тіркеліп, тіркеу туралы нөмірі №11390-Г куәлігі берілген.

ҚР Байланыс және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінің келісімімен мерзімді баспасөз басылымдарын және (немесе) ақпарат агенттіктерін 10.12.2012ж. қайта есепке алу туралы №13213-Г куәлігі берілген.

Таралымы 800.

РЕДАКТОР:

Айзада ДЮСЕНОВА

ТІЛШІЛЕР:

Сая ДҮЙСЕНБАЙ,
Алтынгүл ДӘУЛЕТБАЕВА,
Айша КЕМЕШОВА

Корректор: Айзада ДЮСЕНОВА

БЕТ ҚУРУШЫ & ДИЗАЙН:

Асель АБДУЛЛИНА

ФОТОСУРЕТ:

Рафхат ХАЛЕЛОВ, Оқу теледидары және графикалық жобалау зертханасы

Газет Редакциялық баспа орталығында теріліп, беттелді.
«Полиграфсервис» ЖШС баспаханасында басылды.
Мекен жайы: Орал қаласы, Л.Толстой көшесі, 27/3.
Тел.:50-41-46